

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Национальный Банк Республики Казахстан
National Bank of Kazakhstan



Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы

2014 жылғы 1-жартыжылдық

Қазан, 2014

«Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы»

Редактордың м.а.:

Дюгай Н. Н.

Кенестің мүшелері:

Базарова С.Т., Бухарбаева А.С.,
Цой С.К., Серімбетова С.Қ.

Шығаруға жауаптылар:

Асанова Д.Б., Шабанова Н.Н.

Тел: 8 (727) 3302-452

Құрылтайшы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ
050040, Алматы қ., «Коктем-3» ықшам ауданы, 21

Басылымы 80 дана

Басылым Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде
20.08.2005ж. № 6562-ж тіркелген.

1995 жылдан бастап шығарылады.

«Caspian Media Group» ЖШС
050044, Алматы қ.,
Жибек Жолы даңғылы, 50
тел. +7 (727) 3341526, 3341527

Бұл жарияланымды Төлем балансы, валюталық реттеу және статистика департаменті дайындады. Жарияланымда Қазақстан Республикасының сыртқы секторының дамуындағы соңғы үрдістер көрсетіледі және елдің төлем балансына, халықаралық инвестициялық позициясына және сыртқы жиынтық борышына байланысты статистикалық есептер, сондай-ақ осы есептерге талдамалық түсініктемелер берілген. Статистикалық есептер жан-жақты жасалған талдамалық кестелермен, сыртқы сектордың статистикасын жасау методологиясын және оны жасауға арналған ақпарат көздерін сипаттаумен толықтырылған. Жеке статистикалық қосымшалармен инвестициялардың түрлері бойынша халықаралық инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы берілген. Жарияланымның кезеңділігі тоқсан сайын – басылым қаңтар, сәуір, шілде және қазан айларында шығады. Екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде шығарылады.

Статистикалық деректер методологиясы өзгерген және (немесе) сыртқы экономикалық операциялар туралы қосымша ақпарат алған кезде бұрын жарияланған тарихи деректер қатары түзетілуі мүмкін. Қайта қарау тәртібіне сәйкес Қазақстан Республикасы сыртқы секторының статистикалық деректері жылына екі рет – жарты жылғы және бір жылғы төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және жалпы ішкі борыш жөніндегі есептерді жасау кезінде жүзеге асырылады және есепті жылдың алдындағы екі жылды қамтиды. Жаңартылған деректер жыл сайын сәуірде және қазанда жарияланады.

Деректерді нақтылаудың негізгі көзі есептерді жасау кезінде түскен ақпаратты, тіркеу шеңберінде алынған деректерді қосымша алу және валюта операциялары туралы хабарлау, төлем балансы жөніндегі статистикалық есепті қоспағанда, ақпарат көздерінен алынған басқа деректермен салыстырған кезде статистикалық сәйкессіздіктерді анықтау, сондай-ақ ресми сауда статистикасының деректерін нақтылау болып табылады.

Осы жарияланымда келтірілген кестелердегі жекелеген жағдайларда деректерді дөңгелектеу салдарынан қорытындылар және қосылатын сома арасындағы соңғы разрядта шамалы айырмашылықтар болуы ықтимал.

Осы жарияланымға арналған статистикалық деректерді қалыптастыру күні: 2014 жылғы 30 қыркүйек. 2012-2013 жылдардағы деректерді соңғы жаңарту күні 2014 жылғы 30 қыркүйек.

Ұсынылған статистикалық деректер бойынша қосымша ақпаратты Төлем балансы, валюталық реттеу және статистика департаментінен алуға болады:

мекен-жайы: 050040, Алматы қаласы, Көктем-3 ш/а, 21-үй
телефондары: (727) 270-46-21 (төлем балансы)
270-46-40 (халықаралық инвестициялық позиция)
270-46-44 (сыртқы борыш)
электрондық почта: stsoy@nationalbank.kz

Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және жалпы сыртқы борыш жөніндегі стандартты және талдамалы түрде көрсетілген статистикалық есептерді, сондай-ақ осы есептерді жасауға арналған методологиялық түсініктемелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің <http://www.nationalbank.kz/> веб-сайтынан алуға болады. Көрсетілген статистикалық есеп ҚҰБ-нің веб-сайтына есептік кезең аяқталғаннан кейін 90-шы күні қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады.

Мазмұны

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 1-жартыжылдықтағы төлем балансы	4
Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 30 маусымдағы халықаралық инвестициялық ұстанымы	34
Қосымшалар:	
<i>Приложение I. Төлем балансына талдау кестелер.....</i>	<i>61</i>
I.1. қосымша. ҚР 2013 жылғы және 2014 жылғы 1-жартыжылдықтағы сыртқы сауда айналымы	61
I.2. қосымша. Ресми статистика деректері бойынша экспорттың және импорттың құрылымы	62
I.3. қосымша. Жекелеген тауарлардың экспорты бойынша бағаны талдау және сандық жеткізулер	63
I.4. қосымша. Ресми статистика деректері бойынша сыртқы сауданың географиялық құрылымы	64
I.5. қосымша. 2012-2014 жылдардың 1-жартыжылдығы үшін кеңейтілген жіктеу бойынша Қазақстан Республикасы халықаралық қызмет балансы	65
I.6. қосымша. Қызмет көрсетудің сыртқы саудасының географиялық құрылымы	68
I.7. қосымша. Бастапқы кірістердің балансы	69
I.8. қосымша. Қайталама кірістердің балансы	70
I.9. қосымша. 2013-2014 жылдардың 1-жартыжылдығы үшін жеке трансферттер (жеке тұлғалардың ақша аударымдары)	71
I.10. қосымша. Қаржы шотының ағындары (талдамалық ұсыну)	70
I.11. қосымша. Қысқа мерзімді капитал ағындары	73
I.12. қосымша. Нақты тиімді айырбас бағамының индексі	74
I.13. қосымша. Мұнай саудасын есептемегенде нақты тиімді айырбастау бағамының индексі	75
I.14. қосымша. Жеке сектордың капиталды таза әкелуі/әкетуі	76
II. қосымша. Инвестициялардың түрлері бойынша халықаралық инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы	77
II.1. қосымша. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңнің соңындағы позиция	78
II.2. қосымша. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңдегі ағындар	79
II.3. қосымша. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңдегі кірістер	81
II.4. қосымша. Қазақстанға шетел тікелей инвесторлардан әкелінген тікелей инвестициялардың резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы ағыны	83
II.5. қосымша. Қазақстанға шетел тікелей инвесторлардан әкелінген тікелей инвестициялардың елдер бойынша жалпы ағыны	85
II.6. қосымша. Қазақстандық тікелей инвесторлардан әкетілген тікелей инвестициялардың резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы ағыны	88
II.7. қосымша. Қазақстандық тікелей инвесторлардан әкетілген тікелей инвестициялардың елдер бойынша жалпы ағыны	90
III. қосымша. Қазақстан Республикасының 2013-2014 жылдардың 1-жартыжылдықтары елдерге қатысты қызмет түрлері бойынша қызметтердің сыртқы саудасы	92
IV. қосымша. Төлем балансына және халықаралық инвестициялық ұстанымға әдіснамалық түсіндірме	108
V. қосымша. Қазақстанның төлем балансын және халықаралық инвестициялық позициясын жасаудың ақпараттық базасы	115
VI. қосымша. Төлем балансының талдау индекстері мен бағалау көрсеткіштерін есептеу әдістемелері	118
VII. қосымша. Қазақстан Республикасының төлем балансына және халықаралық инвестициялық позициясына өткен кезеңдерде енгізілген негізгі өзгерістердің тізбесі	121
Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 30 маусымдағы сыртқы борышы	123
1-қосымша. Ішкі борышты стандарттық ұсыну	126
2-қосымша. Сыртқы борыштың абсолюттік және салыстырмалы өлшемдері	128
3-қосымша. 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша бар сыртқы борышқа қызмет көрсету бойынша төлем кестесі	129
4-қосымша. Сыртқы борыштың жай-күйі: Өтеуге дейін қалған мерзім бойынша қысқамерзімді борыш, секторлар бойынша бөлуде	130
5-қосымша. Ұлттық және шетел валютасындағы сыртқы борыш	132

6-қосымша. Сыртқы борыштың жай-күйі: шетел валютасындағы сыртқы борыш	133
7-қосымша. Сыртқы борыштың жай-күйі: резиденттер шығарған және резидент еместерге эмиссия орны бойынша тиесілі борыштық бағалы қағаздар	134
8-қосымша. Елдер бойынша сыртқы борыш	135
9-қосымша. Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша сыртқы борышы.....	140
10-қосымша. Мемлекеттік сектордың кеңейтілген айқындаудағы 2014 жылғы 30 маусымдағы сыртқы борышы.....	142
11-қосымша. Сыртқы борыштың жай-күйі: Кредиторлар мен қарыз алушылардың секторлары бойынша сыртқы борыш	143
12-қосымша. 2014 жылғы 2-тоқсанда жасалынған шарттар бойынша мемлекеттік емес сыртқы қаржылық заемдар мониторингінің нәтижелері	141
13-қосымша. Сыртқы борыш көрсеткіштерінің Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық ұстанымының баптарына сәйкестігі	151

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

2014 жылғы 1-жартыжылдықтағы

ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

2013 жылдан бастап елдің төлем балансы «Төлем балансы және халықаралық инвестициялық позиция жөніндегі нұсқаулық» алтыншы басылымының (бұдан әрі – БТБН) ережелеріне сәйкес жасалынды. Негізгі әдіснамалық өзгерістер <http://www.nationalbank.kz/?docid=26> адресі бойынша интернет-ресурсқа орналастырылған Ұлттық Банктің 2013 жылғы 28 маусымдағы №25 баспасөз релизінде жарияланды.

БТБН сәйкес және жетілдірілген деректердің көздері негізінде төлем балансын толық қалыптастыруды 2014-2015 жылдары жүзеге асыру жоспарланды.

Төлем балансында жиынтық түрде белгіленген уақыт кезеңі үшін қалған елдермен елдің экономикалық операциялары көрсетіледі. Төлем балансының деректері нақты және қаржы ресурстарының барлық түрлерімен сыртқы экономикалық қатынастар динамикасында сипатталатын ағындардың экономикалық санатын білдіреді.

Ағымдағы операциялар шоты

2014 жылғы бірінші жартыжылдықта сауда операцияларының нәтижелері төлем балансының **ағымдағы шотының** жай-күйіне нақты әсерін тигізді, оның профициті 6,6 млрд. долл. немесе республиканың ІЖӨ-нің 7,5%-ы (2013 жылғы 1-жартыжылдықта 3,3 млрд.долл. немесе 3,5%) болды.

2014 жылғы шілдеде кеден органдары (ҚР Қаржымині МКК) 2013 жылғы сыртқы сауданың ресми статистика деректерін өзектендірді. Өзектендірілген деректерге сәйкес 2013 жылғы тауарлар экспортының құны 2,1 млрд. долларға ұлғайды және 84,7 млрд. доллар болды. Негізгі түзету үшінші елдің өңделмеген мұнай экспортының деректері бойынша жүзеге асырылды, оның құны 2 млрд. долларға ұлғайды.

Ресми сауда статистикасын өзектендіру Қазақстан Республикасының 2013жылғы төлем балансы көрсеткішінің айтарлықтай өзгеруіне әкелді: сауда балансының оң сальдосы 1,1 млрд. долларға ұлғайды, ағымдағы шоттың 118 млн. долл. теріс дисбалансы 1,1 млрд. долл. болып оңға ауысты.

Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасы орташа алғанда қаралып отырған жартыжылдықта бір баррель үшін 108,8 долл.¹ болды, бұл оның базалық кезеңдегі² деңгейінен аздап артық (бір баррель үшін 108,0 долл.). Сонымен қатар мұнай экспортының келісімшарт бағасы ағымдағы жылғы қаңтар-маусымда өткен жылғы осындай кезеңдегі 827 доллардан бір тонна үшін 815 долларға дейін төмендеді.

Орташа алғанда есепті жартыжылдықта экспорттың бағасы базалық кезеңдегі деңгейден 4,9%-ға аз болды. Қазақстан импорттайтын өнім бағасының ұлғаюымен қосылуда экспорттың келісімшарт бағасының өзгеруінің импорттың келісімшарт бағасының өзгерісіне қатынасы ретінде есептелінетін сауда талаптарының орташа алынған индексі есепті кезеңде базалық кезеңдегі көрсеткіштен 8,4% төмен болды (1-кесте).

1-кесте

Баға индекстерінің және сауда талаптарының өзгеруі
(өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда пайызбен)


	2013 ж. 1-тоқ.	2013 ж. 2-тоқ.	2013 ж. 1-жартыжылдық	2014 ж. 1-тоқ.	2014 ж. 2-тоқ.	2014 ж. 1-жартыжылдық
Экспорттық бағалар	-0,2	-7,5	-3,8	-4,6	-5,1	-4,9
Импорттық бағалар	-7,7	-12,1	-9,9	7,4	0,5	3,9
Сауда талаптары	8,1	5,3	6,7	-11,2	-5,6	-8,4
<i>оның ішінде</i>						
<i>Еуро аймақтарының елдері</i>						
Экспорттық бағалар	0,1	-4,5	-2,2	-0,5	-6,4	-3,5
Импорттық бағалар	-27,3	-0,4	-13,8	70,3	-3,7	33,3
Сауда талаптары	37,7	-4,1	16,8	-41,6	-2,9	-22,2
<i>Ресей</i>						
Экспорттық бағалар	-5,0	-9,8	-7,4	-13,3	-7,1	-10,2
Импорттық бағалар	-4,2	-3,6	-3,9	-4,4	-10,7	-7,6
Сауда талаптары	-0,9	-6,5	-3,7	-9,3	4,0	-2,7

Қаралып отырған кезеңнің қорытындылары бойынша тауарлар экспортының 2,1%-ға қысқаруы және тауарлар импортының 17,8%-ға айтарлықтай құлдырауы кезінде сауда операцияларының оң дисбалансы 22,6 млрд.долларға дейін 17,4%-ға өсті. Бұл ретте ағымдағы шоттың басқа құрамдас бөліктері бойынша ресурстардың нетто-ағыны мүлдем өзгерген жоқ, ол 16 млрд. долларға жуық болды. Нәтижесінде төлем балансының ағымдағы шотының оң сальдосы 2013 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 2 есе ұлғайды.

¹ Осы жерде және бұдан әрі мәтін бойынша - АҚШ доллары

² Осы жерде және бұдан әрі есепті кезең ретінде 2014 жылғы 1-жартыжылдық, ал базалық кезең – 2013 жылғы 1-жартыжылдық қаралады.

1-диаграмма. Ағымдағы шот



Сыртқы сауда және сауда балансы

Төлем балансын жіктеу бойынша сыртқы сауда айналымы (ресми статистиканың деректеріне түзетулерді және СИФ импортының құнын ФОБ бағасына дейін түзетуді ескере отырып) 2014 жылғы бірінші жартыжылдықта 61,8 млрд.доллар болды, бұл базалық кезеңдегі көрсеткіштен дерлік 5,2 млрд. долларға аз болды, оның ішінде тауарлар экспорты 42,2 млрд.долларға дейін 0,9 млрд. долларға қысқарды, ал олардың импорты 19,6 млрд.долларға дейін 4,3 млрд.долларға төмендеді.

Тауар айналымының ЖӨ-ге қатынасы ретінде экономика ашықтығының көрсеткіші салыстырылып отырған кезеңге қатысты шамалы азайды және 69,1%-ды құрады. Бұл ретте экспорттың ЖӨ-гі үлесі 1,9%-ға ұлғайды, ал импорт үлесі 2,4%-ға қысқарды (2-кесте).

2-кесте

Экономиканың ашықтығы

(ЖӨ-ге пайызбен)

	2011 1- жартыжылдық	2012 1- жартыжылдық	2013 1- жартыжылдық	2014 1- жартыжылдық
Экспорт	55,8	51,9	45,5	47,4
Импорт	21,6	24,5	24,1	21,7
Тауар айналымы	77,4	76,4	69,6	69,1

Уәкілетті органдар тіркеген **тауарлар экспорты** есепті тоқсанда 41,8 млрд. долларды құрады, базалық кезеңмен салыстырғанда 833 млн. долларға аз. Есепті жартыжылдықта ресми экспорттағы минералдық өнімдердің үлес салмағы 2,7%-ға өсті, бұл коэффициенті 2013 жылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 81,4%-бен салыстырғанда 83,9%-ды құраған экспорттың тауарлық шоғырлануының ұлғаюына әкелді (3-кесте).

3-кесте

Қазақстан Республикасы экспортының тауарлық құрылымы

(ресми статистика деректері бойынша)

Тауарлар тобы	2013 1-жартыжылдық	2014 1-жартыжылдық
<i>Құны (млн. АҚШ долл.)</i>		
Барлық тауарлар	42 671,6	41 839,0
Негізгі номенклатура о.і.	41 188,8	40 340,9
Минералдық өнімдер	34 443,9	34 905,9
оның ішінде мұнай және газ конденсаты	29 025,0	29 920,6
Қара металдар	1 617,0	1 587,6
Түсті металдар	3 035,3	1 849,0
Астық	645,4	652,3
Басқа тауарлар	1 482,8	1 498,2
<i>Үлес салмағы (%-бен)</i>		
Барлық тауарлар	100	100
Негізгі номенклатура о.і.	96,5	96,4
Минералдық өнімдер	80,7	83,4
оның ішінде мұнай және газ конденсаты	68,0	71,5
Қара металдар	3,8	3,8
Түсті металдар	7,1	4,4
Астық	1,5	1,6
Басқа тауарлар	3,5	3,6

Баға және сандық жеткізілімдер факторларының ресми экспорттың құнына ықпалын талдау базалық кезеңмен салыстырғанда жиынтық экспорттың өсуі 2%-ға азаюы нақты көлемнің 2%-ға ұлғаюы кезінде орташа келісімшарт бағасының 4%-ға қысқаруы есебінен ғана болғандығын көрсетеді (4-кесте).

Бағаның және нақты жеткізу көлемі өзгерісінің экспорттың құнына ықпалы
(2013 жылғы 1-жартыжылдықпен салыстырғанда 2014 жылғы
1-жартыжылдықтағы ресми статистика деректері бойынша)

Тауарлар тобы	Экспорт, млн. АҚШ долл.		Өзгеруі (өсімі (+), төмендеуі (-))	Оның ішінде өзгеруі есебінен	
	2014 1-жартыжылдық	2013 1-жартыжылдық		баға	2014 1-жартыжылдық
Барлық тауарлар	41 839,0	42 671,6	-2%	-4%	2%
Негізгі номенклатура	40 340,9	41 188,8	-2%	-3%	1%
Минералдық өнімдер	34 905,9	34 443,9	1%	-2%	3%
<i>оның ішінде мұнай және газ конденсаты</i>	<i>29 920,6</i>	<i>29 025,0</i>	<i>3%</i>	<i>-2%</i>	<i>5%</i>
Қара металдар	1 587,6	1 617,0	-2%	-4%	2%
Түсті металдар	1 849,0	3 035,3	-39%	-13%	-27%
Астық	652,3	645,4	1%	-18%	21%
Басқа тауарлар	1 498,2	1 482,8	1%	-21%	25%

Баға құрауыштарының төмендеуі экспорттық номенклатураның барлық негізгі тауар топтары бойынша тіркелді, орташа келісімшарт бағасының анағұрлым қысқаруы астық өнімдері мен түсті металдар бойынша байқалды. Астық тобында басым болып табылатын бидайдың орташа әлемдік бағасы базалық кезеңде бір тонна үшін 317,6 доллардан, есепті кезеңде 309,6 долларға дейін қысқарды. Бидайдың орташа келісімшарт бағасы бір тонна үшін 234 долларға дейін 15,6%-ға төмендеді. Алайда астықтың сандық жеткізуінің айтарлықтай өсімі (49%) осы өнімнің құндық экспортының 13%-ға өсуіне себепші бола отырып, экспорттық бағаның түсуін толығымен өтеді.

Түсті металдарды әкету құнының 1,1 млрд. долларға елеулі құлдырауы тазартылған мыс экспортының 0,8 млрд. долларға (2 есе), күмістің – 163,5 млн. долларға (42,6%), алтынның – 87,1 млн. долларға (46,2%) және алюминийдің – 80,2 млн. долларға (31%) қысқаруымен байланысты. Осы тауарларға жиынтық экспорттың азаюы баға факторы, сол сияқты сандық жеткізілімдер есебінен болды. Мыстың орташа келісімшарттық бағасы 9%-ға, алюминий – 5%-ға, алтын мен күмістің бағасы – тиісінше 11% и 41% төмендеді. Әлемдік конъюнктура сондай-ақ жоғарыда көрсетілген тауарлар бағасының төмендегенін көрсетеді - тиісінше 8,3%, 8,5%, 15,2% және 24,5%.

Мұнайдың нақты жеткізілімдерін ұлғайту келісімшарттық бағаның төмендеуін өтеді, негізгі өнім экспорты құнының ұлғаюын қамтамасыз етті, бірінші жартыжылдықта 29,4 млрд.доллар сомаға 36 млн.тонн мұнай экспортталды.

Қазақстандық экспорттың географиялық құрылымында Еуропа елдері бірінші орынды сақтап қалды, оларға ресми тіркелген экспорттың 64,2%-ы (базалық кезеңде – 61,2%) тиесілі. Екінші орында Азия елдері (22,4%) тұр, ТМД елдерінің үлесі өткен жылдың бірінші жартыжылдығындағы 13,6%-дан 11,2%-ға дейін қысқарды. Жекелеген елдер бойынша Италия және Қытай алда – тиісінше жиынтық экспорттың 22,1% және 13,5%, олардан кейінгі орында Нидерланд және Франция – тиісінше 11,2% және 7%. Ресейдің үлесі жалпы экспортта 7,5%-дан 6 %-ға дейін төмендеді.

Үкiлеттi органдардың ресми деректерi бойынша тауарлар импорты есептi кезеңде 19,1 млрд. долларға жуық болды, бұл базалық кезеңдегi деңгейден 15,5% төмен. Импорттың тауарлық шоғырлану коэффициенті елеулі өзгерген жоқ, базалық кезеңде 35,1% орнына 35,2% болды (5-кесте).

5-кесте

Қазақстан Республикасы импортының тауарлар бойынша құрылымы
(импорт ресми статистиканың деректері бойынша СИФ бағасымен)

Тауарлар тобы	2013 ж. 1-жартыжылдық	2014 ж. 1-жартыжылдық
<i>Құны (млн. долл.)</i>		
Барлық тауарлар	22 620,4	19 123,8
Тұтыну тауарлары	5 782,3	5 748,8
Азық-түлік тауарлары	1 916,0	1 784,4
Азық-түлікке жатпайтын тауарлар	3 866,2	3 964,4
Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарлары	7 841,2	5 780,3
Инвестициялық тауарлар	8 646,9	7 081,0
Басқа да тауарлар	350,0	513,8
<i>Орташа алынған салмақ (%-бен)</i>		
Барлық тауарлар	100	100
Тұтыну тауарлары	25,6	30,1
Азық-түлік тауарлары	8,5	9,3
Азық-түлікке жатпайтын тауарлар	17,1	20,7
Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарлары	34,7	30,2
Инвестициялық тауарлар	38,2	37,0
Басқа да тауарлар	1,5	2,7

Импорт құрылымында 2 млрд. долл. абсолютті қысқару аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарларының тобында болды, импорттың жалпы көлеміндегі олардың үлесі 30,2%-ға дейін (базалық кезеңде 34,7%) төмендеді. Аралық импорттың төмендеуі көбіне мұнай мен газ конденсатының әкелінуінің 1,2 млрд. долларға (93%-ға) 90,5 млн. долларға дейін, мұнайды қайта өңдеуден алынған өнімдердің 192,3 млн. долларға (25,5%-ға) 561 млн. долларға дейін және табиғи газдың 112,4 млн. долларға (34,1%-ға) 216,9 млн. долларға дейін қысқаруына байланысты болды.

Үлес салмағының 1,2%-ға төмендеуі жағдайында инвестициялық тауарлар жиынтық импортта базалық кезеңдегі 38,2%-бен салыстырғанда 37%-дық үлеспен көш бастап тұр. Әкелу құны 1,5 млрд. долларға қысқарған инвестициялық импорттың номенклатурасында мұнай және газ құбырларына арналған тұрбаларды әкелу айтарлықтай 969,3 млн. долларға (96%-ға) 38,5 млн. долларға дейін, автомобиль-самосвалдардың әкелінуі 145,8 млн. долларға (39,5%-ға), темір жол локомотивтері мен вагондарына арналған арбалар 229,8 млн. долларға (77%-ға) және есептеу машиналары 138,8 млн. долларға (31,9%-ға) азайды.

Есепті кезеңде жиынтық импорттың құлдырауы келісімшарттық бағалардың да, нақты көлемнің төмендеуі есебінен де төмендеді. Бұл ретте құн көлемінің қысқаруы азық-түлікке жатпайтын тауарларды және басқа да импортты қоспағанда, импорттың бүкіл тауарлар номенклатурасы бойынша тіркелді (6-кесте).

Нақты жеткізілімдер бағасы мен көлемінің өзгеруінің импорт құнына әсері
(ресми статистиканың деректері бойынша 2014 жылғы 1-жартыжылдықта 2013 жылғы 1-жартыжылдықпен салыстырғанда)

Тауарлар тобы	Импорт, млн. АҚШ долл.		Өзгеруі (өсімі (+), төмендеуі (-))	Оның ішінде өзгеру есебінен	
	2013 жылғы 1-жартыжылдық	2012 жылғы 1-жартыжылдық		баға	2014 1-жартыжылдық
Барлық тауарлар	19 123,8	22 620,4	-15%	-11%	-5%
Тұтыну тауарлары	5 748,8	5 782,3	-1%	-1%	0%
Азық-түлік тауарлары	1 784,4	1 916,0	-7%	0%	-7%
Азық-түлікке жатпайтын тауарлар	3 964,4	3 866,2	3%	-2%	4%
Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарлары	5 780,3	7 841,2	-26%	-27%	1%
Инвестициялық тауарлар	7 081,0	8 646,9	-18%	-4%	-15%
Басқа да тауарлар	513,8	350,0	51%	52%	-1%

Импорттың географиялық құрылымында үлес салмағының 5,6%-ға қысқаруына қарамастан, ТМД елдері есепті жартыжылдықтың қорытындысы бойынша импорттың жалпы көлеміндегі 41,2%-ды құрай отырып көш бастап тұр, оның ішінде 32,7%-ы Ресей Федерациясына тиесілі. Екінші орында Азия елдері – 28,9%, оның 17,5%-ы Қытайға тиесілі. Еуропа елдерінен импорт үлесі 3,6%-дан 22,4%-ға дейін өсті.

Еуро аймағының мемлекеттерімен кедендік статистика тіркейтін тауар айналымы есепті кезеңде 4%-ға өсті, бұл ретте экспорт 4,2%-ға ұлғайды. Мұндайда импорт 2,7%-ға өскен кезде еуроймақ мемлекеттеріндегі тауарлардың таза экспорты жалпы алғанда 18,4 млрд. долларды құрай отырып, базалық кезеңмен салыстырғанда 4,5%-ға ұлғайды.

Ресей Федерациясымен сауда-саттықта тауарлар экспортының қысқаруымен (0,7 млрд. долларға) салыстырғанда импорт айтарлықтай құлдыраған (2 млрд.долларға) кезде сауда операцияларының теріс теңгерімсіздігі 1,3 млрд. долларға азайып, 3,8 млрд. долларды құрады. Есепті кезеңде Ресеймен сыртқы сауда айналымы 23,8%-ға 8,7 млрд. долларға дейін қысқарды.

Қамту бойынша түзетулер. Ресми статистика тіркемейтін жеке тұлғалардың операциялары бойынша тауар айналымы (яғни, «бақал» сауда) есепті кезеңде 1,6 млрд. доллар деп бағаланды, оның ішінде Қазақстаннан әкетілген тауарлардың құны 277 млн. долларды құрады, ал әкелінген тауарлардікі 1,3 млрд. доллардан аса болды. Осы операциялар бойынша теріс сальдо базалық кезеңдегі 1,6 млрд. доллармен салыстырғанда 1 млрд. долларға дейін төмендеді.

Кедендік органдардың жеке тұлғалардың кедендік кіріс ордерлерін (ККО) ресімдей отырып, жеке басы пайдалану үшін әкелген жеңіл автомобильдері туралы ақпараттың және әріптес-елдердің табиғи газды жеткізу туралы деректерінің негізінде есепті кезеңдегі ресми импорт құнына тиісінше 22,5 млн. долл. және 145,9 млн. долл. сомасына үстеме есеп жүргізілді.

Халықаралық сауда статистикасында есепке алынуға жатпайтын тауарлардың ресми импортында көрсетілуіне байланысты әдіснамалық стандарттарға сәйкес ресми импорттың деректері оның сомасын 124,2 млн. долл. сомасына қысқарту жағына қарай түзетілді.

Көлік кәсіпорындарының есептік деректері бойынша жанар-жағар майды және азық-түлікті шет елден сатып алуға (импорт) жұмсалған шығыстар 38,8 млн.доллардан асып түсті, Қазақстандағы резидент емес көлік компанияларының осындай шығындары (экспорт) 69,5 млн. долларды құрады.

Халықаралық қызмет көрсету балансы

Есепті кезеңде халықаралық қызмет көрсету балансының негізгі көрсеткіштері базалық кезеңге қарағанда, айтарлықтай өзгерген жоқ. Қызметтер көрсету экспорты 147 млн.долларға ұлғайды, олардың импорты одан аз – 92 млн.долларға ұлғайды, нәтижесінде қызметтер көрсету балансының тапшылығы небәрі 1,8%-ға қысқарып, 3 млрд.долларға жуық болды.

Экспорттың номенклатурасында әдеттегідей тасымалдау қызметтері басымдық көрсетуде, оларға экспортталатын қызметтер көлемінің 61%-нан астамы тиесілі, ал импорттың құрылымында бұрынғыдай басқа да іскерлік қызмет көрсетулер алда келеді – есепті кезеңнің қорытындысы бойынша жиынтық қызметтер импортында 47%-дан жоғары (7-кесте).

7-кесте

Халықаралық қызмет көрсету балансының құрамдас бөліктері
(2014 жылдың 1- жартыжылдығы 2013 жылдың 1-жартыжылдығымен салыстырғанда)

млн. АҚШ доллар

	Экспорт		Өзгеруі (өсімі (+), төмендеуі (-))	Импорт		Өзгеруі (өсімі (+), төмендеуі (-))
	2013 1-жарты-жылдық	2014 1-жарты-жылдық		2013 1-жарты-жылдық	2014 1-жарты-жылдық	
БАРЛЫҒЫ	2 509,84	2 656,95	5,9%	5 538,92	5 630,51	1,7%
Материалдық ресурстарды өңдеу қызметтері	0,00	1,30	-	0,00	11,03	-
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету қызметтері	1,47	16,91	10 раз	20,86	30,30	45,3%
Көлік қызметі (тасымалдаулар)	1396,87	1629,96	16,7%	1291,63	1161,51	-10,1%
Туризмге байланысты қызметтер (сапарлар)	673,07	524,04	-22,1%	849,36	668,61	-21,3%
Құрылыс	23,22	17,88	-23,0%	823,61	656,35	-20,3%
Сактандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызметтер	19,48	34,93	79,3%	24,77	29,97	21,0%
Қаржылық қызметтер	10,29	10,24	-0,5%	193,17	49,44	-74,4%
Телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызметтер	63,50	68,80	8,3%	139,07	146,34	5,2%
Зияткерлік меншікті пайдаланғаны үшін ақы төлеу	0,00	0,21	-	67,37	72,39	7,4%
Басқа да іскерлік қызмет көрсету	216,52	243,66	12,5%	2031,07	2670,86	31,5%
Жеке тұлғаларға қызмет көрсету және мәдениет және демалыс саласында қызмет көрсету	0,40	0,56	38,6%	33,02	39,17	18,6%
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	105,03	108,46	3,3%	64,99	94,55	45,5%

Есепті кезеңдегі **қызмет көрсетудің экспорты** 2,6 млрд. доллардан асты, оның базалық кезеңмен салыстырғанда 5,9%-ға өсуі негізінде резидент еместерге көлік қызметтерін көрсетудің ұлғаюына байланысты болды. Қызметтер көрсету экспортының негізгі бабының құрылымында резидент еместерден жүк тасымалдағаны үшін түсімдер 21,2%-ға ұлғайды, көбінесе республика аумағы арқылы өтетін құбыр арқылы мұнай мен газдың транзиті үшін түсімдердің өсуі (52,3%-ға) есебінен болды.

Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша 5,6 млрд. доллар мөлшерінде қалыптасқан **қызметтер көрсету импорты** базалық кезеңнің деңгейінен 1,7% артық болды.

Республика аумағында ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатысатын резидент еместердің басқа да іскерлік қызмет көрсетулеріне ақы төлеуге есепті кезеңде 2,7 млрд. долларға жуық, базалық кезеңдегіге қарағанда 640 млн.доллар артық жұмсалды. Осы баптың құрылымында импорттың айтарлықтай өсімі *бизнеске және басқаруға консультациялар бойынша қызмет көрсетуге* – 0,8 млрд.долларға дейін 2 есе., *сондай-ақ сәулет және инженерлік-техникалық қызметтерге* – 1,3 млрд. долларға дейін 48,9%-ға тиесілі.

Халықаралық сауданың географиялық құрылымында Қазақстанның ТМД елдеріне көрсеткен қызметтеріне есепті кезеңнің қорытындысы бойынша қызметтердің сыртқы сауда айналымының 35,2% тиесілі, Еуропа және Азия елдерінің үлесі тиісінше 22,2% және 11,8 % болды.

Қазақстандық қызметтердің негізгі тұтынушысы болып Ресей Федерациясы – экспорт көлемінің 32,4%, Өзбекстан (6,6%), Қытай (5,0%) табылады.

Қызметтер импортының елдік құрылымында бұрынғыдай Ресей алда болып отыр – импорттың жалпы құнының 19,3%-ы, одан кейін Ұлыбритания (11,3%), Қытай (4,8%) және Түркия (4,6%).

Бастанқы кірістер балансы

Есепті кезеңде бастанқы кірістердің 12,2 млрд. долл. (базалық кезеңде 12,3 млрд. доллар) құраған теріс сальдосы базалық кезеңдегі деңгейде қалыптасты. Бұл ретте резидент еместерге тікелей инвестициялардан кірістерді төлеу есепті кезеңде 10,9 млрд. долларға дейін базалық кезеңге қарағанда 11,2 млрд. долларға қысқарды (2,6%-ға). Тұтастай алғанда, резидент еместерге еңбек және капитал қызметтерін көрсетуден алынатын кірістер 1,1 млрд. долларға дейін 17,9%-ға төмендеді, ал резидент еместерге төленетін кірістер 13,3 млрд. долларға дейін 2,0%-ға төмендеді (базалық кезеңде 13,6 млрд. долл.).

Еңбекақы төлеу. Есепті кезеңде еңбекақы төлеу бойынша теріс дисбаланс 874,1 млн.долл. құрады, бұл базалық кезеңдегі осындай көрсеткіштен 2,0%-ға төмен. Шетелде жұмыс істейтін резиденттердің және республика аумағында шетелдік елшіліктерге және халықаралық ұйымдарға жұмысқа тартылған Қазақстан азаматтарының еңбегіне ақы төлеу 1,9 млн. долл. бағаланды. Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік азаматтардың кірістері 2,0%-ға өсті, бұл ретте қазақстандық кәсіпорындар жұмысқа тартқан резидент еместердің есептелген жалақысы 10,0% -ға 384,4 млн.долларға дейін өсті. ТМД елдерінен ресми емес түрде жұмыс істейтін еңбек иммигранттарының жалақысын бағалау 491,6 млн.долл. болды.

Инвестициялардан түскен кірістер. Инвестициялық кірістер балансының тапшылығы 11,4 млрд. доллар (базалық кезеңде 11,5 млрд. доллар) болды (8-кесте).

8-кесте

Құралдардың түрлері бойынша инвестициялардан кірістер

млн. АҚШ долл.

	2011 1-жартыжылдығы	2012 1-жартыжылдығы	2013 1-жартыжылдығы	2014 1-жартыжылдығы
Алынатын кірістер	1083,6	873,0	1240,2	1005,1
Тікелей инвестициялар	30,6	39,1	287,3	55,4
Жеке сектордың портфельдік инвестициялары	88,2	82,2	75,0	82,2
Резидент еместерге кредиттер	421,6	232,1	242,2	204,7
Шетелдік банктердегі жеке сектордың депозиттік және корреспонденттік шоттары	23,6	25,0	19,7	16,9
ҚҰБ халықаралық резервтері мен Ұлттық Қордың активтері	519,2	492,8	615,0	644,7
Басқа да инвестициялық кірістер	0,5	1,8	1,0	1,2
Төленетін кірістер	14724,1	14814,0	12727,1	12437,8
Тікелей инвестициялар	13150,9	13051,4	11194,9	10905,7
Портфельдік инвестициялар	933,8	1087,5	764,9	720,0
Резидент еместерден кредиттер	604,7	644,7	743,2	790,7
Резидент еместердің Қазақстан банктеріндегі депозиттік және корреспонденттік шоттары	26,9	28,5	21,8	18,3
Басқа да инвестициялық кірістер	7,7	1,9	2,2	3,1
Инвестициялық кірістер балансы	-13640,5	-13941,0	-11486,9	-11432,8

ҚР Ұлттық Банкінің халықаралық резервтерден және шетел валютасындағы басқа активтерден түскен кірістері есепті кезеңде 93,5 млн. долл. болды. ҚР Үкіметінің Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын (552,0 млн. доллар) шетелдік активтерге орналастырудан түскен 529,8 млн. доллар кірістері базалық кезеңмен салыстырғанда 17,9%-ға ұлғайды (9-кесте).

Инвестициялық кірістер балансын экономиканың секторлары бойынша бөлу

млн. АҚШ долл.

	2011 1-жартыжылдығы	2012 1-жартыжылдығы	2013 1-жартыжылдығы	2014 1-жартыжылдығы
Инвестициялық кірістер балансы	-13640,5	-13941,0	-11486,9	-11432,8
<i>Орталық Банк</i>	153,4	105,4	137,1	93,5
Алуға кірістер	153,4	105,4	137,1	93,5
<i>Мемлекеттік басқару секторы</i>	338,0	357,8	449,5	529,8
Алуға кірістер	365,8	387,4	478,0	552,0
Төленетін кірістер	27,8	29,6	28,5	22,2
<i>Банктер</i>	-215,2	-502,9	-362,8	-351,4
Алуға кірістер	397,8	167,6	183,6	164,6
Төленетін кірістер	613,0	670,5	546,4	516,0
<i>Басқа секторлар</i>	-13916,7	-13901,3	-11710,6	-11704,7
тікелей инвестициялау операцияларынан алуға нетто-кірістер	36,9	71,6	279,5	48,1
тікелей инвестициялау операцияларынан төленетін нетто-кірістер	13180,5	12950,4	11037,2	10687,1
алуға басқа да кірістер	129,7	141,0	162,0	146,8
төленетін басқа да кірістер	902,7	1163,5	1114,9	1212,5

Банк секторы бойынша төленетін кірістер 516,0 млрд. доллар (базалық кезеңде 546,4 млн. доллар) болды. Банктер тартқан қаржы инвестициялар бойынша сыйақы төлеу 23,5%-ға 297,3 млн. долларға төмендеді, оның ішінде қазақстандық банктер эмиссиялаған борыштық бағалы қағаздар бойынша 203,3 млн.доллар есептелді, ал несиелер мен қарыздарға қызмет көрсетуге 75,5 млн. долл. жұмсалды.

Банк секторының шетелдік активтерден алуға кірістері 164,6 млн. долларды құрап, 10,3%-ға төмендеді, оның 104,2 млн. доллары резидент еместерге ұсынылған кредиттер бойынша есептелді.


Басқа секторлардың операциялары бойынша теріс дисбаланс 11,7 млрд. доллар болып базалық кезеңдегі деңгейде қалыптасты. Тікелей инвестициялау қатынастарымен байланысы жоқ резидент емес кредиторлардың нетто-кірістері 1,1 млрд. долларға дейін 11,8%-ға ұлғайды, ал резидент еместердің тікелей инвестициялау операциялары бойынша нетто-кірістері 1,1%-ға азайып, 10,6 млрд. долларды құрады.

Қайталама кірістер

Қайталама кірістер балансының тапшылығы 2014 жылғы 1-жартыжылдықта базалық кезеңмен салыстырғанда 15,4%-ға өсіп, 757,4 млн. доллар болды. Теріс дисбаланстың өсуі мемлекеттік басқару органдарының трансферттік операцияларының оң сальдосы

16,0 млн. долларға (7,7%-ға) қысқаруына және басқа секторлардың балансы тапшылығы 85,1 млн. долларға (9,8%-ға) кеңеюіне негізделді (2-диаграмма)..

2-диаграмма. 2005-2014 жылдардың 1-жартыжылдығындағы қайталама кірістер (млрд. АҚШ доллары)



Есепті жартыжылдықта өткен жылдың осындай кезімен салыстырғанда республикалық бюджетке резидент еместерден түсімдердің көлемі төмендегені байқалады, оның ішінде Қазақстанның пайдасына Кеден одағының басқа мүшелерінің аударым жасаған кедендік баждарының сомасы 670,8 млн. долларға дейін 16,9%-ға қысқару есебінен төмендеді. Бұл ретте одақтас мемлекеттердің пайдасына кедендік баж төлемдері де 738,5 млн. долларды құрап, 19,6%-ға қысқарды. Нәтижесінде кедендік баждардың таза әкетілуі 67,8 млн. долларға дейін (базалық кезеңде 111,2 млн. доллар) азайды. Республикалық бюджетке ағымдағы салықтардың түсімі де 61,2 млн. долларға қысқарды. Тұтастай алғанда, мемлекеттік басқару органдарының қайталама кірістері балансының оң сальдосы 192,7 млн. доллар (базалық кезеңде 208,7 млн. доллар) болды.

Басқа секторлардың трансферттік операцияларының теріс дисбалансы 950,1 млн. долларды құрап, 85,1 млн. долларға өсті, негізінен, басқа ағымдағы трансферттер бойынша, атап айтқанда сақтандыру операциялары бойынша төлемдерді ұлғайту есебінен өсті.

Жеке тұлғалардың өтеусіз ақша аударымдарының (жеке трансферттер) теріс дисбалансы есепті кезеңде базалық кезеңдегі 810,9 млн. долларға қарсы 763,8 млн. доллар болды. Ұлттық Банктің бағалауы бойынша Қазақстаннан жасалатын жеке тұлғалардың аударымдары

878,6 млн. долларды құрады. Шетелге жіберілген өтеусіз аударымдардың географиялық құрылымында ТМД елдерімен

операциялар басым болуда (аударылатын қаражаттың жалпы сомасының 53,7%-ы). Олардың көлемі базалық кезеңге қатысты 6,7%-ға немесе

29,7 млн. долларға ұлғайды. Бұл ретте алыс шет елдерімен осындай көрсеткіш 11,7%-ға немесе 53,7 млн. долларға 406,5 млн. долларға дейін төмендеді. Қазақстанға жеке аударымдар есепті жартыжылдықта 114,8 млн. долларды (базалық кезеңде 91,7 млн. доллар) құрады.

Бұрынғыдай, жеке тұлғалардың ақша аударымдары бойынша қарсы агент елдермен (Швейцарияны қоспағанда) теріс сальдо қалыптасуда. ДМД елдері арасында барынша көп теріс дисбаланс Ресей Федерациясымен (238,9 млн. доллар), Өзбекстанмен (87,5 млн. доллар), Қырғызстанмен (31,9 млн. доллар), Азербайжанмен (17,7 млн. доллар) және Украинамен


(14,1 млн. доллар) байқалады. Алыс шет елдері арасында қомақты теріс дисбаланс Түркиямен, Қытаймен, Германиямен операциялар бойынша байқалады және тиісінше 137,6 млн. долларды, 124,5 млн. долларды және 18,9 млн. долларды құрайды.

Қаржылық шот

Есепті кезеңде қаржы операцияларының (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен жасалатын операцияларды қоспағанда) шоты бойынша 1,1 млрд. долл. (базалық кезеңінде 1,2 млрд. долл.) теріс сальдо қалыптасты. Сол арқылы қаржы операциялары бойынша капиталдың таза ағыны немесе «қалған елдерден таза қарыз алу»³ қалыптасты.

3-диаграммада қаржы операциялары шотының құрылымындағы құралдарды бөліп көрсете отырып, сол шоттың жай-күйінің серпіні берілді.

3-диаграмма. Қаржылық шоттың құрылымы



Қаржы шотының теріс сальдосы операциялары Мемлекеттік басқару органдары секторында көрінетін, ҚР Ұлттық қордың сыртқы активтерінің өсуімен ішінара қалпына келтірілген банктік емес сектор (басқа сектор ретінде жіктелетін) кәсіпорындарының сыртқы міндеттемелерінің өсуімен қамтамасыз етілді (10-кесте).

10-кесте

Экономика секторлары бойынша қаржы шотының балансы
(«+» - активтердің/ міндеттемелердің ұлғаюы; «-» - активтердің/ міндеттемелердің төмендеуі)

млн. АҚШ долл.

	2011 жылғы 1-жарты жылдық	2012 жылғы 1-жарты жылдық	2013 жылғы 1-жарты жылдық	2014 жылғы 1-жарты жылдық
Қаржылық операциялар шотының балансы (резервтік активтерді қоспағанда)	2114,5	-1772,0	-1243,6	-1103,9
<i>Орталық Банк</i>	<i>-1500,1</i>	<i>21,9</i>	<i>-67,8</i>	<i>-208,9</i>
Қаржы активтерін таза сатып алу	0,1	3,5	-2,0	51,6
Міндеттемелерді таза қабылдау	1500,2	-18,4	65,9	260,5
<i>Банктер</i>	<i>-175,3</i>	<i>-1511,5</i>	<i>4015,5</i>	<i>471,7</i>
Қаржы активтерін таза сатып алу	-184,5	-1931,8	1825,2	77,6
оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша	13,5	-52,0	11,0	-0,7
Міндеттемелерді таза қабылдау	-9,2	-420,4	-2190,3	-394,1
оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша	492,9	236,9	-290,0	174,1
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	<i>7165,5</i>	<i>8316,8</i>	<i>5742,6</i>	<i>5725,7</i>
Қаржы активтерін таза сатып алу	7336,2	8304,4	5725,4	5555,5
Міндеттемелерді таза қабылдау	170,8	-12,5	-17,2	-170,2
<i>Басқа секторлар</i>	<i>-3375,6</i>	<i>-8599,2</i>	<i>-10933,9</i>	<i>-7092,3</i>
Қаржы активтерін таза сатып алу	5335,1	2071,8	3373,0	1245,4
оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша	3063,7	1397,9	1398,9	-557,1
Міндеттемелерді таза қабылдау	8710,6	10671,0	14306,9	8337,7
оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша	6816,6	7787,5	5988,5	3716,1

Тікелей инвестициялар

Шетелдік тікелей инвестициялар (ШТИ) бойынша міндеттемелер өсімінің активтерден асып кетуі нәтижесінде 4,4 млрд. долл. (базалық кезеңде 4,3 млрд. долл.) теріс теңгерімсіздік қалыптасты.

Тікелей инвестициялау операциялары бойынша қаржы активтерінің 0,6 млрд. долларға (2013 жылғы 1-жартыжылдықта оң сальдо 1,4 млрд. долларға) таза қысқаруы қазақстандық кәсіпорындардың (негізінен бас компаниялардың қызметін жүзеге асыратын, басқару мәселелері бойынша консультациялар беретін) 0,4 млрд. долларға шетелдік филиалдар мен еншілес ұйымдардың капиталын ішінара алуға, сондай-ақ борыштық құралдар бойынша шетелдік бас компанияларға қойылатын талаптардың 0,2 млрд. долларға

³ Төлем балансының жаңа әдістемесіне сәйкес қаржы шотының және оның құрамдас бөліктері сальдосының теріс белгісі таза қарыз алудың (активтерге қарағанда міндеттемелердің үдемелі өсуі) елдің халықаралық инвестициялық позициясының нашарлауына және таза сыртқы борышының өсуіне ықпал ететінін көрсетеді.

азаюына байланысты болды.

ШТИ бойынша міндеттемелерді 3,9 млрд. долл. мөлшерінде (базалық кезеңде 5,7 долл.) таза қабылдау (өсім) қазақстандық кәсіпорындардың өздерінің шетелдік бас компаниялары алдындағы фирмааралық берешегінің ұлғаюымен және кірістерді жалпы сомасы 5,9 млрд. долларға қайта инвестициялауға байланысты орын алды. Сонымен қатар, шетелдік тікелей инвесторлардың капиталын 0,8 млрд. долл. сомасына (резидент еместердің қазақстандық кәсіпорындардағы өз үлестерін резиденттерге сатуы) алуын, сондай-ақ қазақстандық кәсіпорындардың өздерінің шетелдік бас компаниялары мен еншілес ұйымдары алдындағы борыштық міндеттемелерінің 1,2 млрд. долл. азаюын атап өткен жөн.

Тікелей инвестицияларды «салымды бағыттау» қағидаты бойынша есепке алу тұрғысынан **Қазақстанға ШТИ жалпы әкелінуі**⁴ базалық кезеңдегі деңгеймен бірдей қалыптасты және 12,4 млрд. долл. (базалық кезеңде 12,5 млрд. долл.) құрады. Инвестициялаудың негізгі салалары бойынша *өңделмеген мұнай және табиғи газ өндіруге* ШТИ салымдары 53,6%-ға ұлғайып, 4,7 млрд. долл. болды. *Геологиялық барлау мен іздестірулерді жүргізу қызметіне* ШТИ салымы 2,1 млрд. долл. құрап, 24,4%-ға қысқарды, *көтерме және бөлшек саудаға, автокөлік жөндеуге* 1,5 млрд. долларға дейін 21,6%-ға, металлургия өнеркәсібіне, *машина мен жабдықтарды қоспазанда, дайын метал бұйымдарын өндіруге* 1,1 млрд. долларға дейін 16,9%-ға азайды.

Елдер бойынша шетелдік тікелей инвестицияларды жалпы әкелудің құрылымында, бұрынғыдай, Нидерландтар басым болып келеді (ШТИ жалпы түсімдерінің 27,3%), олардан кейін үлкен үзіліспен АҚШ (18,9%), Қытай (7,2%), Швейцария (6,6%), Ресей Федерациясы (5,6%), Бельгия (4,5%), Ұлыбритания (3,1%) және Франция (2,8%) келеді.

Портфельдік инвестициялар және туынды қаржы құралдары

Портфельдік инвестициялар бойынша активтердің өсуі олар бойынша міндеттемелердің өсуінен басым болуы нәтижесінде *портфельдік инвестициялар* бойынша оң сальдо 4,6 млрд. доллар (базалық кезеңде 1,1 млрд. доллар) болды.

Портфельдік инвестициялар бойынша қаржы активтерін 6,6 млрд. доллар мөлшерінде *таза сатып алу* (активтердің өсуі) бұрынғыдай негізінде ҚР Ұлттық Қорының шетелдік активтерінің 7,2 млрд. долларға өсуімен қамтамасыз етілді, оның операциялары *Мемлекеттік басқару органдары* секторында көрсетіледі (11-кесте).

11-кесте

Экономика секторлары бойынша портфельдік инвестициялар бойынша операциялар

млн.АҚШ доллары

	2011 1-жартыжылдығы	2012 1-жартыжылдығы	2013 1-жартыжылдығы	2014 1-жартыжылдығы
Қаржы активтерін таза сатып алу	7664,1	8262,7	5364,3	6565,4
<i>Орталық Банк</i>	0,0	0,0	0,0	0,6
Борыштық бағалы қағаздар	0,0	0,0	0,0	0,6
<i>Банктер</i>	-183,5	117,6	410,6	-250,0
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	-3,1	-1,3	1,8	0,0
Борыштық бағалы қағаздар	-180,4	118,9	408,8	-250,0
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	7453,3	8588,8	5140,5	7198,9
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	1059,2	1134,7	2456,1	80,2
Борыштық бағалы қағаздар	6394,1	7454,2	2684,4	7118,8
<i>Басқа секторлар</i>	394,4	-443,7	-186,9	-384,1
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	307,7	5,7	-35,0	19,7
Борыштық бағалы қағаздар	86,6	-449,4	-151,9	-403,8
Міндеттемелерді таза қабылдау	2945,4	-867,8	4267,0	2008,5
<i>Орталық Банк</i>	1604,0	-19,8	1,3	0,0
Борыштық бағалы қағаздар	1604,0	-19,8	1,3	0,0
<i>Банктер</i>	464,0	-726,7	-227,2	-521,7
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	1,0	-71,4	2,5	-53,6
Борыштық бағалы қағаздар	463,0	-655,4	-229,7	-468,1
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	127,6	-19,8	0,0	-12,5
Борыштық бағалы қағаздар	127,6	-19,8	0,0	-12,5
<i>Басқа секторлар</i>	749,8	-101,4	4492,8	2542,8
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	16,8	-159,9	28,1	-42,2
Борыштық бағалы қағаздар	733,1	58,5	4464,7	2584,9
Портфельдік инвестициялар балансы	4718,8	9130,5	1097,3	4556,9

Портфельдік инвестициялар бойынша міндеттемелерді таза қабылдау есепті кезеңде 2,0 млрд. доллар оң сальдо қалыптасты, ол банктік емес ұйымдардың («ҚазАгро»ҰБХ» АҚ, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ) ағымдағы жылғы екінші тоқсандағы шетелдік нарықтардағы борыштық бағалы қағаздар шығарылымы және 2,6 млрд. доллар жалпы сомаға эмитентті ауыстыру бойынша операцияларымен қамтамасыз етілді. Бұл ретте, банктердің және банктік емес сектор кәсіпорындарының бұрын шығарылған облигацияларды өтеуі міндеттемелердің 0,5 млрд. долларға төмендеуін қамтамасыз еті.

Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша оң теңгерімсіздік 72,7 млн. доллар (базалық кезеңде 33,1 млн. доллар теріс сальдо) болды. Есепті кезеңде туынды құралдарымен операцияларды негізінде қазақстандық банктер жасады.

Басқа инвестициялар

Басқа инвестициялар бабы бойынша тіркелген операциялар бойынша, есепті кезеңде резиденттердің басқа инвестициялар санатындағы міндеттемелерінің (2,1 млрд. доллар) олар бойынша шетелдік активтердің өсуінен (0,8 млрд. доллар) баса өсуімен қамтамасыз етілген 1,3 млрд. доллар теріс теңгерімсіздік тіркелген.

Таза қабылданған 2,4 млрд. доллар **міндеттемелер** (міндеттемелердің өсімі) негізінен *басқа секторлар* ретінде жіктелетін банктік емес сектор кәсіпорындарының ұзақмерзімді қарыз алуының 1,7 млрд. долларға ұлғаюымен байланысты. Жалпы орта және ұзақмерзімді инвестициялар бойынша оң сальдо 1,6 млрд. доллар болды (12-кесте).

⁴ Қазақстандық еншілес кәсіпорындардың акционерлік капиталына түсімдер, қайта инвестицияланған пайда және шетелдік бас компаниялардан тартылған өтеуді есептемегенде, борыштық қаржыландыру кіреді.

«Басқа инвестициялар» бабында көрсетілген резиденттердің міндеттемелерді таза қабылдауы
 («+» – міндеттемелердің өсуі, «-» – міндеттемелердің төмендеуі)

млн. АҚШ долл.

	2011 1-жарты- жылдығы	2012 1-жарты- жылдығы	2013 1-жарты- жылдығы	2014 1-жарты- жылдығы
Другие инструменты участия в капитале	0,0	0,0	-0,3	0,1
<i>Другие сектора</i>	<i>0,0</i>	<i>0,0</i>	<i>-0,3</i>	<i>0,1</i>
Орта және ұзақмерзімді инвестициялар	-284,7	3009,0	2092,4	1629,5
<i>Орталық банк</i>	<i>0,0</i>	<i>2,1</i>	<i>0,0</i>	<i>0,0</i>
Басқа да міндеттемелер	0,0	2,1	0,0	0,0
<i>Банктер</i>	<i>-1099,6</i>	<i>-21,0</i>	<i>-975,7</i>	<i>-67,0</i>
Қолма-қол валюта және депозиттер	1,7	332,7	439,8	-0,5
Кредиттер және қарыздар	-1101,4	-353,7	-1415,5	-66,5
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	<i>43,2</i>	<i>7,4</i>	<i>-17,1</i>	<i>-157,6</i>
Кредиттер мен қарыздар	43,2	7,4	-17,1	-157,6
<i>Басқа секторлар</i>	<i>771,8</i>	<i>3020,5</i>	<i>3085,2</i>	<i>1854,1</i>
Сактандыру, зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдіктер бағдарламалары	0,0	0,0	31,8	35,2
Кредиттер мен қарыздар	733,5	2951,9	2963,7	1663,6
Сауда кредиттері мен аванстар	38,3	68,6	89,8	155,3
Қысқамерзімді инвестициялар	340,4	170,7	184,9	491,2
<i>Орталық банк</i>	<i>-103,8</i>	<i>-0,6</i>	<i>64,6</i>	<i>260,5</i>
Қолма-қол валюта және депозиттер	-103,8	0,0	64,6	254,4
Сауда кредиттері мен аванстар	0,0	-0,6	0,0	-0,4
Басқа да міндеттемелер	0,0	0,0	0,0	6,6
<i>Банктер</i>	<i>57,5</i>	<i>206,4</i>	<i>-620,6</i>	<i>6,1</i>
Қолма-қол валюта және депозиттер	-72,3	190,5	-473,7	93,0
Кредиттер мен қарыздар	131,0	50,9	-132,7	-86,3
Басқа да міндеттемелер	-1,2	-35,0	-14,2	-0,6
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	<i>0,0</i>	<i>0,0</i>	<i>-0,1</i>	<i>0,0</i>
Сауда кредиттері мен аванстар	0,0	0,0	-0,1	0,0
<i>Басқа секторлар</i>	<i>386,7</i>	<i>-35,1</i>	<i>741,0</i>	<i>224,6</i>
Кредиттер мен қарыздар	154,4	-322,3	79,2	286,9
Сауда кредиттері мен аванстар	307,2	325,7	605,7	-48,0
Басқа да міндеттемелер	-74,9	-38,4	56,1	-14,3
Міндеттемелерді таза қабылдау, барлығы	55,7	3179,7	2277,0	2120,7

Қысқамерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелердің 491,2 млн. долларға өсуі резидент еместердің ҚР Ұлттық Банкіндегі және банктердегі шоттарындағы активтерінің ұлғаюына, сондай-ақ резидент еместер берген қарыздар бойынша қазақстандық кәсіпорындардың міндеттемелерінің өсуіне байланысты.

Басқа инвестициялар бабы бойынша **активтердің** есепті кезеңде 835,3 млн. долл. **ұлғаюы** қазақстандық банктер мен кәсіпорындардың шетелдік шоттардағы шетелдік активтерінің жалпы сомасы 2,2 млрд. долларға өсуімен қамтамасыз етілді, олар ҚР Ұлттық қорының шетелдік банктердегі шоттарындағы активтерінің 1,9 млрд. долл. төмендеуімен ішінара өтелді (13-кесте).

13-кесте

Резиденттердің қаржы активтерін «Басқа да инвестициялар» бабында көрсетілген таза сатып алу
 («+» – активтердің ұлғаюы, «-» – активтердің азаюы)

млн. АҚШ долл.

	2011 1-жарты- жылдығы	2012 1-жарты- жылдығы	2013 1-жарты- жылдығы	2014 1-жарты- жылдығы
<i>Орталық Банк</i>	<i>0,1</i>	<i>3,5</i>	<i>-2,0</i>	<i>51,0</i>
Қолма-қол валюта мен депозиттер	0,1	1,8	-2,1	8,3
Кредиттер мен қарыздар	0,0	0,0	0,0	42,6
Басқа да талаптар	0,0	1,7	0,1	0,0
<i>Банктер</i>	<i>23,6</i>	<i>-1943,2</i>	<i>1483,3</i>	<i>239,9</i>
Қолма-қол валюта мен депозиттер	217,1	-2080,8	1523,6	306,2
Кредиттер мен қарыздар	-273,7	127,1	-100,7	-98,2
Басқа да талаптар	80,2	10,5	60,5	31,9
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	<i>-115,3</i>	<i>-310,9</i>	<i>615,1</i>	<i>-1643,5</i>
Капиталға қатысудың басқа құралдары	7,4	7,4	207,4	203,3
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-127,0	-321,7	399,8	-1856,3
Кредиттер мен қарыздар	-0,6	-0,6	-0,6	-0,6
Сауда кредиттері мен аванстар	4,9	4,0	8,5	10,1
<i>Басқа секторлар</i>	<i>1877,0</i>	<i>1117,6</i>	<i>2161,3</i>	<i>2187,8</i>
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-370,9	-257,5	1628,3	1932,4
Кредиттер мен қарыздар	433,1	570,1	792,1	-17,7
Сауда кредиттері мен аванстар	1677,3	572,7	-160,4	148,3
Басқа да талаптар	137,6	232,4	-98,7	124,8
Қаржы активтерін таза сатып алу, барлығы	1785,4	-1133,0	4257,8	835,3


Төлем балансының қаржылық шотында тіркелген жеке сектордың барлық операциялары кіретін **жеке сектордың капиталды таза әкетуі**, сондай-ақ қателер мен оқшылықтар есепті кезеңде 0,3 млрд. долл. болып бағаланды, базалық кезеңде таза әкелу 2,1 млрд. долл. болды. Бұл ретте есепті жартыжылдықтың бірінші тоқсанында капиталдың нетто-әкетуі 2,9 млрд. доллар болып, ал екінші тоқсанда таза әкелу 2,6 млрд. долл. болып тіркелді (тиісті есептеулер I.14-қосымшада келтірілген).

Резервтік активтер

Ұлттық Банктің халықаралық резервтері жүргізілген операциялар нәтижесінде 0,8 млрд. долл. ұлғайды, бұл ретте ағымдағы жылғы 2-тоқсанда резервтік активтер 0,5 млрд. долл. төмендеді. Резервтік активтердің өсуі негізінен ҚР Ұлттық қорының валюталық қаражатын теңгеге қайта айырбастау операцияларымен, сондай-ақ банктердің және басқа қаржы ұйымдарының ҚРҰБ-дағы валюталық шоттарына қаражаттың келіп түсуімен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, халықаралық резервтер деңгейінің өзгеруіне алтынмен жүргізілетін операциялар, сондай-ақ төлем балансында көрсетілмейтін бағамдық және құндық өзгерістер ықпал етеді.

Халықаралық резервтердің жалпы көлемінде 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша монетарлық алтынның үлесі 24,8% немесе 6,6 млрд. долл. (2013 жылғы 31 желтоқсанда – 22,5% немесе 5,6 млрд.), валюталық активтердің үлесі – 75,2% немесе 19,9 млрд. долл. (2013 жылғы 31 желтоқсанда – 77,5% немесе 19,2 млрд. долл.) құрады.

4-диаграмма. ҚРҰБ халықаралық резервтерінің серпіні




Осылайша, 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша халықаралық резервтер (ҚР Ұлттық қорының активтерін қоспағанда) 26,5 млрд. АҚШ долл. болып бағаланды, бұл Қазақстанның тауарлар мен қызмет көрсету импортын қаржыландыруды 5,4 айға қамтамасыз етеді.

Нақты тиімді айырбастау бағамының серпіні

2014 жылғы бірінші жартыжылдықта шикізат тауарлары әлемдік нарықтарының конъюнктурасын дамытудың түрлі бағыттағы серпіні және әріптес елдердің ұлттық валюталары бағамдарының анық ауытқулары көп дәрежеде теңгенің бағамын қалыптастыруға ықпал етті. Жыл басында теңгенің негізгі сауда әріптестерінің көпшілік валюталарына қатысты айтарлықтай нығайуының байқалып отырған үрдісі және Қазақстандағы инфляцияның барынша жоғары қарқынды теңгенің нақты тиімді айырбастау бағамы (бұдан әрі – НТАБ) индексінің серпіні бойынша теріс үрдістерге байланысты болды. Ұлттық валютаның бағамына жүргізілген түзету 2014 жылғы ақпан-наурызда әріптестердің валюталарын құнсыздандудың жоғары қарқынды теңестіруге және теңгенің нақты бағамының индексын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік берді. 2014 жылғы екінші тоқсанда НТАБ индексі негізгі сауда әріптес елдердің бірқатар валюталары нығайған және дамушы нарықтардан капиталдың әкелінуі баяулаған кезде төмендеу серпінін жалғастырды.

Диаграмма. Негізгі валюталарға қатысты теңгенің нақты айырбастау бағамдары (2000 ж. желтоқсан = 100%)



Нәтижесінде, 2014 жылғы бірінші жартыжылдықтың аяғында НТАБ индексі 2013 жылғы желтоқсанға қатысты 11,4%-ға қысқарды және 2000 жылғы желтоқсандағы бәсекеге қабілеттіліктің базалық кезеңіне қатысты 99,0 (2009 жылғы желтоқсанға 98,7) болды. Бұл ретте ТМД елдері валюталарының қоржынына қатысты есептелген НТАБ индексі 2014 жылғы маусымда 2013 жылғы желтоқсанға атысты 8,4%-ға төмендеді, ал қалған елдердің валюталарына қатысты теңге нақты көрсетуде 11,8%-ға арзандады.

ӨЗБЕКСТАН	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	161,20	120,20	41,00	134,49	62,49	72,00	72,00	72,00
БАСҚАЛАРЫ	0,00	0,00	0,00	5 912,65	3 443,60	2 469,05	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер және мәдениет пен демалыс саласындағы қызметтер	402,00	343,00	59,00	557,00	367,00	190,00	33 024,02	17 067,18	15 956,84	39 170,37	17 459,48	21 710,89	21 710,89	21 710,89
БОЛГАРИЯ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	838,00	233,00	605,00	568,00	145,00	423,00	423,00	423,00
ҚЫТАЙ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	142,00	0,00	142,00	142,00	142,00
ФРАНЦИЯ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	737,64	305,51	432,13	1 384,00	498,00	886,00	886,00	886,00
ГЕРМАНИЯ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	36,20	14,00	22,20	50,06	20,00	30,06	30,06	30,06
ВЕНГРИЯ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	527,00	175,00	352,00	376,00	169,00	207,00	207,00	207,00
ЖАПОНИЯ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	929,00	520,00	409,00	409,00	409,00
КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫ (ОҢТҮСПК)	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	23,00	12,00	11,00	25,00	13,00	12,00	12,00	12,00
ҚЫРҒЫЗСТАН	306,00	265,00	41,00	484,00	311,00	173,00	450,99	196,99	254,00	407,00	158,00	249,00	249,00	249,00
НИДЕРЛАНД	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	1 149,00	419,00	730,00	952,20	309,00	643,20	643,20	643,20
РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ	96,00	78,00	18,00	73,00	56,00	17,00	10 529,22	4 240,71	6 288,51	12 025,61	5 094,98	6 930,63	6 930,63	6 930,63
ШВЕЙЦАРИЯ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	7 779,00	4 869,00	2 910,00	7 235,00	3 775,00	3 460,00	3 460,00	3 460,00
БІРКЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	348,00	211,00	137,00	531,00	200,00	331,00	331,00	331,00
ТУРКЦИЯ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	780,00	215,00	565,00	516,00	288,00	228,00	228,00	228,00
УКРАИНА	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	200,00	105,00	95,00	273,00	171,00	102,00	102,00	102,00
БІРКЕН КОРОЛЬДІК	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	9 356,00	5 940,00	3 416,00	13 473,50	5 949,50	7 524,00	7 524,00	7 524,00
АМЕРИКА ҚҰРАМЫ ШТАТТАРЫ	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	269,97	130,97	139,00	283,00	149,00	134,00	134,00	134,00
Басқа санаттарға жіктелмеген мемлекеттік тауарлар мен қызметтер	105 026,31	47 717,98	57 308,33	108 460,87	49 863,47	58 597,40	64 992,70	32 125,70	32 867,00	94 549,69	54 918,80	39 630,89	39 630,89	39 630,89
АУҒАНИСТАН	803,42	500,28	303,14	958,79	741,54	217,25	798,50	313,70	484,80	728,80	377,40	351,40	351,40	351,40
ӘЗІРБАЙЖАН	1 446,83	581,16	865,66	1 405,62	786,18	619,44	1 100,10	1 100,10	614,00	1 569,70	979,20	590,50	590,50	590,50
АВСТРИЯ	3 747,62	2 691,96	1 055,66	3 643,06	1 669,09	1 973,96	2 655,60	1 688,50	967,10	2 655,03	1 751,90	903,13	903,13	903,13

	ЭКСПОРТ						ИМПОРТ					
	2013 жылғы 1-жарты- жылдық	2013 жылғы 1-тоқсан	2013 жылғы 2-тоқсан	2014 жылғы 1-жарты- жылдық	2014 жылғы 1-тоқсан	2014 жылғы 2-тоқсан	2013 жылғы 1-жарты- жылдық	2013 жылғы 1-тоқсан	2013 жылғы 2-тоқсан	2014 жылғы 1-жарты- жылдық	2014 жылғы 1-тоқсан	2014 жылғы 2-тоқсан
А	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
АРМЕНИЯ	642,43	402,19	240,24	697,37	396,38	300,99	606,80	336,40	270,40	742,50	493,70	248,80
БЕЛГИЯ	3 036,11	1 586,95	1 449,17	2 437,32	1 218,43	1 218,89	1 773,00	995,10	777,90	2 037,65	1 278,40	759,25
БРАЗИЛИЯ	1 414,50	812,21	602,28	1 559,75	775,02	784,73	832,60	509,30	323,30	1 484,70	812,50	672,20
БОЛГАРИЯ	631,56	308,91	322,66	771,59	199,36	572,23	366,90	173,20	407,49	209,00	198,49	198,49
БЕЛАРУСЬ	1 364,42	823,03	541,39	1 525,22	741,30	783,92	1 072,40	688,40	384,00	1 310,85	923,30	387,55
КАНАДА	1 808,50	801,01	1 007,49	1 843,05	745,27	1 097,78	1 059,20	509,80	549,40	1 556,31	785,50	770,81
КЫТАЙ	5 144,70	2 605,82	2 538,88	4 156,26	2 192,93	1 963,33	3 005,30	1 640,30	1 365,40	3 582,35	2 310,50	1 271,85
ХОРВАТИЯ	589,54	248,62	340,91	537,64	280,25	257,40	338,90	155,90	183,00	686,63	293,80	392,83
КУБА	120,90	0,00	133,73	133,73	0,00	0,00	64,90	0,00	64,90	140,20	0,00	140,20
ЧЕХИЯ	1 790,38	863,05	927,33	1 605,59	627,84	977,74	1 484,90	542,90	942,90	1 432,35	660,30	772,05
ЭСТОНИЯ	265,87	101,00	164,87	278,59	153,29	125,30	158,00	69,50	88,50	265,81	160,70	105,11
ФИНИЛДИЯ	1 399,98	494,00	905,98	1 061,02	571,04	489,98	796,90	310,20	486,70	1 258,68	599,70	658,98
ФРАНЦИЯ	4 202,76	1 682,87	2 519,89	4 670,13	1 797,76	2 872,37	2 409,30	1 056,00	1 353,30	3 715,54	1 288,40	2 427,14
ГРУЗИЯ	621,27	239,37	381,90	895,99	541,99	354,00	355,10	150,10	205,00	430,43	268,20	162,23
ГЕРМАНИЯ	7 240,92	2 554,71	4 686,21	3 895,78	1 969,70	1 926,07	4 216,30	1 861,20	2 355,10	5 681,82	3 117,50	2 564,32
ГРЕЦИЯ	1 655,12	665,09	990,03	1 551,65	731,43	820,22	948,90	417,30	531,60	1 351,31	766,80	584,51
ВЕНГРИЯ	1 253,67	578,02	675,65	1 797,84	805,07	992,77	725,60	362,70	362,90	1 094,84	844,00	250,84
УНДІСТАН	2 062,56	514,06	1 548,50	1 588,18	557,35	1 030,83	1 155,40	322,90	832,50	1 254,05	584,30	669,75
ИРАН	2 040,70	740,30	1 300,40	2 332,64	847,38	1 485,26	1 167,80	467,30	700,50	1 402,89	891,50	511,39
ИЗРАИЛЬ	2 481,15	770,43	1 710,72	3 056,47	941,86	2 114,62	1 401,40	483,10	918,30	1 720,90	987,40	733,50
ИТАЛИЯ	2 734,64	1 083,20	1 651,44	3 217,23	738,44	2 478,79	1 566,40	679,60	886,80	1 635,02	775,20	859,82
ЖАПОНИЯ	2 465,63	1 030,21	1 435,43	2 162,94	1 063,86	1 099,07	1 540,50	712,70	827,80	1 839,01	1 217,00	622,01
ИОРДАНИЯ	1 324,22	561,36	724,86	1 489,11	561,55	927,56	741,10	352,00	389,10	1 083,88	495,18	474,97
КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫ (ОҢТҮСТІК)	1 282,29	690,47	633,82	2 259,16	772,85	1 486,31	777,60	436,00	341,60	1 286,27	811,30	474,97
КЫРГЫЗСТАН	916,95	566,46	350,49	1 415,42	564,02	851,40	722,60	474,00	248,60	1 123,41	702,50	420,91
ЛИВАН	713,09	446,69	266,40	1 067,53	240,85	826,68	423,10	280,70	143,00	539,25	252,50	286,75
ЛИТВА	1 168,07	367,51	800,56	1 314,82	481,42	833,40	660,70	230,70	430,00	932,53	504,70	427,83
МАЛАЙЗИЯ	1 566,20	802,96	763,24	1 755,30	819,72	935,58	913,20	503,50	409,70	1 256,40	862,50	393,90
МОНГОЛИЯ	808,26	301,73	506,53	1 097,74	301,04	796,69	461,10	189,20	271,90	591,95	315,60	276,35
ХАЛЫКАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР	448,10	220,70	227,40	434,57	208,60	225,97	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
ОМАН	782,46	605,85	176,60	617,01	432,01	185,00	474,70	379,90	94,80	558,99	452,90	106,09
НИДЕРЛАНД	1 502,58	747,98	754,60	645,06	479,23	165,83	890,30	484,70	405,60	1 077,63	502,40	575,23
НОРВЕГИЯ	948,08	388,64	559,44	607,55	471,17	136,38	544,00	243,70	300,30	968,06	495,00	473,06
ПӘКСТАН	1 838,30	818,07	1 020,23	2 020,81	1 139,79	881,02	1 066,80	518,10	548,70	2 002,60	1 197,00	805,60
ПОЛЬША	1 623,63	667,06	956,57	1 598,58	614,26	984,33	948,40	427,30	521,10	1 192,88	649,20	543,68
КАТАР	935,80	371,90	563,91	1 269,94	307,05	962,89	535,90	233,20	302,70	655,90	321,90	334,00
РУМУНИЯ	854,75	533,77	320,98	1 034,51	481,95	552,57	507,00	334,70	172,30	697,97	506,30	191,67
РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ	7 018,11	3 017,29	4 000,82	8 528,09	3 913,66	4 614,44	5 382,00	2 530,10	2 851,90	8 788,13	5 882,00	2 906,13
САУД АРАВИЯСЫ	2 018,29	1 085,03	933,25	1 827,00	1 135,01	691,99	1 182,50	681,00	501,50	2 129,93	1 189,90	940,03
СИНГАПҮР	1 507,77	476,83	1 030,94	1 875,87	909,81	966,06	852,40	299,00	553,40	1 488,90	953,80	535,10
ВЬЕТНАМ	0,00	0,00	0,00	221,07	95,86	125,21	0,00	0,00	0,00	534,82	100,50	434,32
ОҢТҮСТІК АФРИКА	0,00	0,00	0,00	259,51	152,43	107,09	0,00	0,00	0,00	531,25	159,80	371,45
ИСПАНИЯ	1 530,87	865,13	665,74	1 738,34	840,59	897,76	1 015,50	644,90	370,60	1 679,61	902,20	777,41
ШВЕЦИЯ	0,00	0,00	0,00	1 781,49	790,57	990,91	0,00	0,00	0,00	1 772,52	828,80	943,72
ШВЕЙЦАРИЯ	3 186,50	1 274,22	1 912,29	3 053,96	1 668,05	1 385,92	1 825,50	799,00	1 026,50	3 091,53	1 338,63	1 120,90
СИРИЯ	347,85	256,76	91,10	484,85	136,31	348,54	209,90	161,00	48,90	263,80	142,90	120,90
ТӘЖІКСТАН	897,73	423,59	474,14	939,49	407,70	531,78	690,60	354,30	336,30	770,70	507,80	262,90
ТАИЛАНД	498,74	245,75	252,98	828,51	584,44	244,07	289,90	154,10	135,80	1 197,36	612,70	584,66
БІРКЕСКЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІ	2 703,66	1 718,36	985,30	2 886,55	1 328,37	1 558,18	1 606,40	1 077,50	528,90	2 279,96	1 392,60	887,36
ТҮРКІЯ	3 731,20	2 026,52	1 704,68	3 367,55	1 717,70	1 649,86	2 188,10	216,60	916,80	2 662,86	1 806,00	856,86
ТҮРКМЕНИСТАН	581,40	258,96	322,44	849,03	417,98	431,05	445,30	216,60	228,70	733,70	520,60	213,10
УКРАИНА	1 039,41	359,39	680,02	729,27	373,42	355,86	784,70	300,60	484,10	937,65	465,10	472,55
ЕГИПЕТ - Араб Республикасы	1 517,21	747,78	769,42	2 026,82	653,40	1 373,42	884,20	468,90	415,30	1 461,40	685,00	776,40
БІРКЕСКЕН КОРОЛЬДІК	2 560,73	1 496,80	1 063,92	2 599,03	1 528,95	1 070,08	1 518,30	942,90	575,40	2 380,19	1 609,70	770,49
АМЕРИКА ҚҰРАМЫ ШТАТТАРЫ	7 235,76	2 315,81	4 919,94	7 432,70	3 787,17	3 645,53	4 110,10	1 866,00	2 444,10	7 004,15	4 467,90	2 536,25
ӨЗБЕКСТАН	969,11	380,15	588,96	621,21	320,07	301,14	739,70	319,60	420,10	888,65	399,90	488,75

Төлем балансына және халықаралық инвестициялық позицияға әдіснамалық түсіндірме

Елдің сыртқы экономикалық қызметінің шоттары резиденттер мен резидент еместер арасындағы экономикалық қатынастардың еркін көрінісін білдіреді. Олар мынадай құрамдардан¹ тұрады: төлем балансы (бұдан әрі – ТБ), халықаралық инвестициялық позиция (бұдан әрі – ХИП) және қаржы активтері мен міндеттемелеріндегі басқа өзгерістердің шоттары.

Сыртқы экономикалық қызмет шоттары елдің сыртқы экономикалық қатынастарының талдамасының интеграцияланған негізін, оның ішінде оның сыртқы экономикалық қызметінің, бағыттық саясатының, резервтерді басқару және сыртқы осалдылық көрсеткіштерін құрайды.

Төлем балансына әдіснамалық түсіндірме

Төлем балансы – бұл резиденттер мен резидент еместер арасындағы белгілі бір кезең уақытындағы экономикалық операциялардың жиынтық түрін көрсететін есеп.

ТБ жасау және бағалау Халықаралық Валюта Қорының әдіснамасы – Төлем балансы және халықаралық инвестициялық позиция бойынша нұсқаулық (алтыншы басылымы, 2009 ж.) (ТБН6) негізінде есепке алудың стандартты ережелері мен айқындамаларына сәйкес жүргізіледі.

ТБ жасаудың негізгі ережелері мен айқындамалары:

- резиденттер мен резидент еместер арасындағы операцияларды есепке алу;
- қосарлы жазба жүйесі бойынша операцияларды есепке алу;
- қорларды емес, ағындарды көрсету;
- есепке алудың бірыңғай бірлігімен түрлі валюталарда деноминирленген операцияларды және ақша аударымдарын құндық бағалау;
- иесі ауысқан сәттегі операцияларды тіркеу;
- операцияларды олардың түрлері және экономика секторлары бойынша көрсету.

Резиденттер және резидент еместер. Әрбір институционалдық бірлік бір ғана экономикалық аумақтың резиденті болып табылады, ол осы аумақпен тығыз байланысты және оның экономикалық мүддесі басым болатын орталық болып табылады. Институционалдық бірлік экономикалық аумақ шеңберінде белгілі бір орналасқан жері, тұрғын үй, өндіріс орны немесе басқалай үй-жай, ол біраз уақытта не белгісіз уақытта айтарлықтай ауқымда экономикалық қызметті және операцияны жүзеге асыратын және соған ниетті не түпкілікті, алайда жалғасатын кезеңде болса, экономикалық аумақтың резиденті болып табылады.

Ағындар деп экономикалық операциялар және есепті кезеңдегі оқиғалардың экономикалық салдары аталады. Халықаралық ағындар шоттарда операциялар және қаржы активтері мен міндеттемелеріндегі басқа да өзгерістер түрінде көрінеді. Ағындар экономикалық құнның құралуын, қайта құрылуын, алмасуын, беруді немесе жойылуды көрсетеді, оларға институционалдық бірлік активтері мен міндеттемелерінің көлеміндегі, құрамындағы немесе құнындағы өзгерістер кіреді.

Қосарлы жазба жүйесі

Операция екі институционалдық бірліктің өзара іс-әрекетін көрсетеді, ол іс-әрекет өзара келісім бойынша не заңның күшіне енуі бойынша жүзеге асырылады және экономикалық құндылықтармен немесе трансфертпен ауысумен ілеседі.

Әрбір операция бойынша операцияның әрбір тарабына қатысты екі жазба – дебеттік және кредиттік көрінеді. Осы принцип барлық операцияларға қатысты барлық кредиттік жазбалардың сомасы барлық дебеттік жазбалар сомасына тең болуын қамтамасыз етеді, бұл шоттардың келісілгендігін жеке институционалдық бірлік деңгейінде тексеруге мүмкіндік береді.

Ағымдағы операциялар және капиталмен операциялар шоттарында кредиттеу экспортты, алуға бастапқы кірісті, алуға трансферттерді және өндірілмеген қаржылық емес активтерді көрсететін жазбаларды білдіреді. Дебеттеу импортты, төлеуге бастапқы кірісті, төлеуге трансферттерді және өндірілмеген қаржылық емес активтерді сатып алуды көрсететін жазбалар өндірісін білдіреді.

Қаржы активтерімен және міндеттемелермен операциялар болған жағдайда «қаржы активтерін таза сатып алу» және «міндеттемелерді таза қабылдау» деген терминдер қолданылады. Кредит немесе дебет туралы түсінікті мәтінде ұлғаю (азаяу) түсіндірмесі осы ұлғаю (азаяу) қайсысына жататындығына байланысты (актив жағдайында дебет ұлғаюды білдіреді, ал міндеттеме жағдайында дебет азаяуды білдіреді).

ТБ есепке алу негізделген қосарлы жазба жүйесіне сәйкес әрбір операция екі жазбамен көрінеді, оның үстіне кредиттік жазбалар сомасы дебеттік жазбалар сомасына тең.

Операцияларды тіркеу уақыты есептеу қағидаты негізінде айқындалады. Операцияларды тіркеу экономикалық құны жасалған, қайта құралған, айырбасталған, берілген немесе жойылған кезде жүзеге асырылады. Қаржы талаптарының және міндеттемелерінің туындауы қандай да бір ресурстарға меншік құқығының сыртқы экономикалық операцияның бір қатысушысынан екіншісіне өтуіне байланысты. Осындай өту заңды ресімделуі мүмкін, осы ресурстарды басқа тараптың бақылауын белгілеуді немесе ресурстарды нақты беруді болжайды. Меншіктің экономикалық құқығының көрінбейтін өтуі болған жағдайда, осындай өту тараптар өздерінің бухгалтерлік кітаптарында немесе шоттарында операцияларды көрсеткен жағдайда болады.

ТБ операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде болған активтер мен міндеттемелердің көлеміндегі өзгерістер тіркеледі. ТБ операцияларына нақты төлемдермен ілесетін операциялар да, ақшалай төлемдерді болжайтын операциялар да жатады.

Операциялар құнын бағалау. Операциялар мәмілені тәуелсіз қатысушылары арасындағы келісімшарттарда және шарттарда көрінген олардың нақты нарықтық бағасы бойынша бағаланады.

Сыртқы экономикалық қызмет шоттары экономиканың мына секторлары үшін қалыптасады: орталық банк, банктер (орталық банкті қоспағанда депозиттік корпорациялар), мемлекеттік басқару органдары, басқа секторлар, оның ішінде басқа қаржы ұйымдары және қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және үй шаруашылығына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар (ҮШҚКЕҰ). Секторлар бойынша жіктеу және бөлу жүйелері халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

ТБ-ның негізгі бөлімдері.

ТБ стандарттық құрылымы мына шоттардан тұрады: ағымдағы операциялар шоты (тауарлар және қызметтер, бастапқы кірістер, қайталама кірістер), капиталмен операциялар шоты және қаржылық шот.

¹ Көбіне сыртқы сектордың статистикасына сыртқы борыш жатады. Сыртқы борыш бойынша стандартты есеп ХИП құрылымдық бөлігі болып табылады, алайда маңызды талдамалық мәнге байланысты сыртқы борышты сыртқы сектор статистикасының дербес құрамы ретінде қарау қабылданған.

Ағымдағы операциялар шоты резиденттер мен резидент еместер арасындағы тауарлардың, қызметтердің, бастапқы кірістердің және қайталама кірістердің ағындарын көрсетеді. Ағымдағы операциялар шоты бойынша сальдо алуға экспорт және кіріс сомасы және импорт пен төлеуге кіріс сомасы арасындағы айырманы көрсетеді (экспорт және импорт тауарларды да, қызметтерді де қамтиды, ал кіріс бастапқыны да, қайталаманы да білдіреді).

Ағымдағы операциялар және капиталмен операциялар шоттарында тауар мен қызмет импорты, сондай-ақ төленген бастапқы және қайталама кіріс көрсетілген кезде «минус» белгісін пайдалану алып тасталады. Бұл ретте тиісті баптардың сальдосы (тауарлардың, қызметтердің, бастапқы кірістердің, қайталама кірістердің) кредит пен дебет арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Ағымдағы шот:

«Тауарлар» бөлімінің негізгі құрамдары ТБ әдіснамасы бойынша тауарлар экспорты және импорты, шетелде тауарларды қайта сату бойынша операциялар шеңберінде тауарлардың таза экспорты, монетарлық емес алтын.

Монетарлық емес алтын санатына монетарлық алтыннан басқа барлық алтын кіреді. Өз кезегінде, монетарлық алтын - бұл қандай да бір құралмен жасалмайтын қаржы активі және халықаралық төлемдердің құралы және резерв активтерінде қолдану үшін жинақ құралы ретінде көрінетін басқа бірлікке талаптар болып табылмайды.

ТБ әдіснамасы бойынша тауарлар экспорты мен импортына тауарлар (оның ішін қайтаэкспорт), резидент пен резидент емес арасында өтетін және мынадай нақты санаттарға кірмейтін меншік құқығы кіреді: тауарларды шетелде қайта сату шеңберіндегі тауарлар, монетарлық емес алтын, жол жүрулер құрамдары, құрылыс және басқа санаттарға жатқызылмаған мемлекеттік тауарлар мен қызметтер.

Қайтаэкспорт – тауарлар бастапқыда импортталған жай-күймен салыстырғанда қандай да бір айтарлықтай қайта құрылмай бұрын әкелінген елден шетел (басқа елдерде шығарылған және импорт ретінде ескерілген) тауарын шығару.

Шетелде тауарларды қайта сату резиденттің (статистиканы жасап отырған ел) резидент еместен тауарды сатып алуы ретінде айқындалады, кейін сол тауарды статистика жасайтын елге тауарды әкелмей қайта сатады.

Тауарларды сату сомасы мен сатып алу сомасы арасындағы айырма шетелде тауарларды қайта сатқан жағдайда «Тауарларды шетелде қайта сату шеңберінде тауарлардың таза экспорты» бабында көрсетіледі. Тауар шығысы немесе қорлары ұлғайған жағдайда тауарларды шетелде қайта сату шеңберінде тауарлардың таза экспорты теріс өлшемді құрауы мүмкін.

Құймадағы немесе өзге қалыптардағы монетарлық емес алтын тауарлар құрамында жеке баппен көрсетіледі.

Қызметтер резиденттер резидент еместерге ұсынған қызметті және резидент еместер резиденттерге көрсеткен қызметті білдіреді. ТБ қызметтің мынадай түрлерін бөледі: басқа тараптарға тиесілі материалдық ресурстарды өңдеу бойынша қызметтер, жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызмет, көлік (почталық қызметтер және курьерлік байланысты қоса алғанда), жол жүру, құрылыс, сақтандыру зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызмет, қаржы қызметтері, басқа санаттарға жатқызылмаған зияткерлік меншігі үшін ақы, телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызмет, басқа да іскерлік қызмет, жеке тұлғаларға қызмет және мәдениет пен демалыс саласындағы қызмет; мемлекеттік тауарлар және басқа санаттарға жатқызылмаған қызметтерді қамтиды.

ТБ әдіснамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызмет шоттарындағы қызметті көрсету уақыты оларды көрсету сәті болып табылады. Қызметті көрсету әрбір есепті кезеңде есептеу негізінде, яғни қызметті ұсынуға қарай көрінеді. Егер төлем уақыты қызмет көрсету уақытымен сәйкес келмесе, сауда аванстары (қаржы активтері мен қызмет көрсету кезінде өтелетін міндеттемелері) немесе сауда кредиттері (қаржы активтері мен қызмет көрсету кезінде туындайтын міндеттемелер) орын алуы мүмкін.

Бастапқы кірістерге қызметкерлердің еңбекақысы, инвестициялық кіріс және басқа да бастапқы кірістер кіреді.

Қызметкерлерге еңбекақы төлеу кәсіпорынмен қызметкер-жұмыс беруші қатынастарындағы жеке тұлға жүргізген өндіріс барысындағы еңбек үшін сыйақыны білдіреді. Жұмыс беруші мен қызметкер әртүрлі елдің резиденттері болып табылса, қызметкерлердің еңбекақысы сыртқы экономикалық қызмет шоттарында көрсетіледі. Қызметкерлердің еңбекақысы негізгі үш құрамнан тұрады:

- 1) ақшалай нысандағы жалақы;
- 2) табиғи нысандағы жалақы;
- 3) жұмыс берушілердің әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдары.

Инвестициялық кіріс – дивидендтер, қайта инвестицияланған кірістер пайыздар, яғни тікелей, портфельдіктен, басқа инвестициялардан және резерв активтерінен болған кірістер кіретін қаржы активтерін ұсынуудан болған пайда.

Дивидендтер ұйымның басқаруына қаражат ұсыну үшін меншік иесіне капитал үлесі етіп аударылатын бөлінетін кірістерді білдіреді.

Қайта инвестицияланған кірістер тікелей инвестордың шетелдік еншілес және қауымдастырылған кәсіпорындардың капиталындағы, кірістеріндегі олар дивидендтер ретінде бөлмейтін өзіне тиесілі үлесіне барабар үлесін білдіреді. Кірістерді қайта инвестициялау кейбір жағдайларда, мысалы, тікелей инвестициялау кәсіпорындары зиян шеккен жағдайда немесе төлеуге тиісті дивидендтер қаралып отырған кезеңде осы кезеңдегі таза кірістен артық болған жағдайда теріс өлшемді құруы мүмкін. Тікелей инвестор тарапынан тікелей инвестициялау кәсіпорынына капиталды құю ретінде қарастырылатын қайта инвестицияланған оң кірістерге ұқсас теріс қайта инвестицияланған кірістер капиталдан қаражатты алу болып саналады.

Сыйақы (пайыздар) депозиттер, борыштық бағалы қағаздар, кредиттер және қарыздар және басқа да дебиторлық немесе кредиторлық берешектерді басқа институционалдық бірліктің басқаруына беру үшін осыған ұқсас берілген қаржы активтерінің белгілі бір түрлерін иеленушілердің алуына жататын инвестициялық кіріс нысанын білдіреді. Пайыздар есептеу қағидаты бойынша көрсетіледі, яғни кредиторға уақыт өте келе өтелмеген сомаға үздіксіз есептелетін ретінде көрсетіледі.

Сақтандыру мен зейнетақы полистерін және стандартты кепілдіктерді ұстаушылардың шотына жататын инвестициялық кіріс зейнетақы алу құқықтары бойынша төлемге кірістерді және техникалық резервтер нысанында сақтандыру бағдарламалары және стандартты кепілдіктер аясында олар қоятын талаптарға полистерді ұстаушылардың пайдасын білдіреді.

Басқа бастапқы кірістер өндіріске және импортқа салықтарды, субсидия мен рентаны қамтиды.

Қайталама кірістер шоты резиденттер мен резидент еместер арасындағы трансферттерді көрсетеді. Ағымдағы трансферттер экономикалық құны бар басқа объектіні алмай тауар, қызмет, қаржы активін немесе басқалай өндірістік емес актив ұсынуға сәйкес келетін операциялардың өтейтін жазбаларды білдіреді. Осы бап гранттарды, гуманитарлық және техникалық көмекті, түрлі халықаралық және мемлекетаралық ұйымдарға үкіметтік жарналарды, салықтарды және жеке тұлғалардың өтеусіз аударымдарын қамтиды. Ағымдағы трансферттер трансферттерді алатын немесе өндіретін институционалдық секторлар бойынша жіктеледі. Қайталама кірістер шотының сальдосы түсімдердің жалпы сомасы мен төлемдердің жалпы сомасының түрлілігін білдіреді.

Капиталмен операциялар шоты.

Капиталмен операциялар шоты резиденттер мен резидент еместер арасындағы туынды емес қаржылық емес активтермен және капиталдық трансферттермен кез келген сыртқы экономикалық операцияларды қамтиды. Туынды емес қаржылық емес

активтер табиғи ресурстардан, келісімшарттардан, жалдау шарттарынан және лицензиялар мен маркетингтік активтерден тұрады.

Күрделі трансферттер активке (ақша қаражаты мен тауар-материалдық қорларды қоспағанда) меншік құқығы бір тараптан екінші тарапқа өтетін немесе активтерді (ақша қаражаты мен тауар-материалдық қорларды қоспағанда) сатып алу немесе иесіздендіру бойынша бір немесе екі тарапқа да салынатын немесе міндеттемені кредитор кешірген жағдайдағы трансфертті білдіреді.

Қаржы операцияларының шоты.

Қаржылық шотта резиденттер мен резидент еместер арасындағы қаржы активтерімен және міндеттемелермен операциялар көрсетіледі.

Қаржылық шот қаржыландырудың таза халықаралық операцияларында қолданылатын функционалдық санаттар, секторлар, құралдар және өтеу мерзімдері туралы ұғымды береді. Сыртқы экономикалық қызмет шоттарындағы қаржы активтері мен міндеттемелерінің ағындары таза негізде көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді қайта бағалау салдарынан сыртқы берешектің өзгеруі қаржылық шотта көрсетілмейді. Қаржылық шот бойынша жазбалар тауарлар, қызметтер, кірістер, капиталмен операциялар шоттары бойынша немесе қаржылық шоттың басқа баптары бойынша операцияларға қатынасы бойынша байланыстыратын жазбалар болып табылуы мүмкін.

Қаржылық шотта «активтер» және «міндеттемелер» дегеннің орнына «қаржы активтерін таза сатып алу» және «міндеттемелерді таза қабылдау» деген атаулар қолданылады. «Плюс» деген белгісі бар өзгеріс активтер мен міндеттемелердің ұлғаюын, ал «минус» деген белгісі бар өзгеріс активтердің немесе міндеттемелердің азаюын көрсетеді. Қаржы шотының сальдосы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма ретінде белгіленеді.

Қаржы активтері резиденттердің резидент еместерге қоятын талаптарынан және монетарлық алтын құрамындағы «құймадағы алтын» құрамынан тұрады.

Талап тенестірілетін міндеттеме сәйкес келетін экономикалық активтің туындауына себепші болатын қаржы құралы болып табылады.

Қаржылық шотта активтер мен міндеттемелер функционалдық белгісі бойынша, мынадай негізгі құрамдар: тікелей инвестициялар, портфель инвестициялары, туынды қаржы құралдары және қызметкерлер үшін акцияларға опциондар, басқа инвестициялар және резервтік активтер бойынша жіктеледі.

Тікелей инвестициялар бір елдің резиденті бақылауды жүзеге асыратын және басқа елдің резиденті болып табылатын кәсіпорынды басқаруға айтарлықтай ықпал ету деңгейіне ие (оны тікелей инвестициялау кәсіпорнын басқаруда он немесе одан да көп дауыспен қамтамасыз ететін капиталға қатысу құралдарына ие) трансшекаралық инвестициялар санаты. Тікелей инвестициялар тікелей инвестициялау кәсіпорнына тікелей инвестордың инвестициясына, тікелей инвестициялау кәсіпорынының өзінің меншікті тікелей немесе жанама инвесторына кері инвестициялауға және резидент және резидент емес тел кәсіпорындары арасындағы инвестицияларға жіктеледі.

Қаржы құралының түрі бойынша тікелей инвестициялармен операциялар капиталға қатысу құралдарына және инвестициялық қорлардағы үлестерге, кірістерді қайта инвестициялауға және борыштық құралдарға бөлінеді.

Кері инвестициялау тікелей инвестициялау кәсіпорны кредитке қаражат ұсынған немесе өзінің немесе жанама тікелей инвесторының капиталына қатысу құралын, ол осы тікелей инвесторда он немесе одан да көп дауыспен қамтамасыз ететін капиталға қатысу құралдарымен иеленбеу талаптарымен сатып алған жағдайларда туындайды.

Тел кәсіпорын – бұл бір тікелей немесе жанама инвестордың бақылауында немесе ықпалында тұрған, алайда бір-бірін ешқандай да бақыламайтын немесе ықпалы жүрмейтін кәсіпорын.

Портфельдік инвестицияларға тікелей инвестицияларға немесе резервтік активтерге кіретіндерден басқа, капиталға қатысуды қамтамасыз ететін борыштық бағалы қағаздармен немесе бағалы қағаздармен байланысты операциялар кіреді.

Туынды қаржы құралдары және қызметкерлер үшін акцияларға опциондар басқанақты (базалық) құралға байланыстырылған және олардың көмегімен қаржы нарықтарында базалық құралға қарамастан нақты қаржы тәуекелдерімен сауда жасалуы мүмкін (пайыздық және валюталық тәуекел, акциялар мен тауарлар бағасының ауытқуына байланысты тәуекел, кредиттік тәуекел және т.б.) қаржы құралдарын білдіреді. Туынды қаржы құралдары форвард келісімшарттарына және опциондарға бөлінеді.

Басқа инвестицияларға капиталға қатысудың басқа құралдары, қолма-қол валюта және депозиттер, кредиттер және қарыздар, сақтандыру, зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдіктер бағдарламалары, сауда кредиттері және аванстар, басқа да талаптар мен міндеттемелер, қарыз алудың арнайы құқықтары кіреді.

Капиталға қатысудың басқа құралдары, олар тікелей инвестициялар немесе резервтік активтер болып табылмаған жағдайларда басқа инвестицияларға жататын болады. Бағалы қағаздар нысаны жоқ капиталға қатысудың басқа құралдары портфель инвестицияларына кірмейді.

Резервтік активтер – ақша-кредиттік реттеу органдарының еркін басқаруында бар және олар ТБ-ны қаржыландыру қажеттілігін қанағаттандыру, валютаның айырбас бағамына ықпал ету үшін валюта нарықтарында басып алуды жүргізу мақсатында және басқа тиісті (валютқа және экономикаға сенімді қолдау, сондай-ақ шетелден қарызға алу үшін негіздер ретіндегі) мақсаттарда олар бақылайтын сыртқы активтер.

Төлем балансының теңдестірілмеген шоттары **таза қателер мен жіберіп алғандар** деп аталады. Таза қателер мен жіберіп алғандар қаржы шотының деректері бойынша таза кредиттеу/таза қарыз алу мен ағымдағы операциялардың және капиталмен операциялардың шоттары деректерінің негізінде алынған осыған ұқсас бап арасындағы айырма ретінде қалдық тәсілмен есептеледі.

ТБ-ның стандартты және талдамалық ұсыным нысандары бар. Стандартты ұсынымда тауарлармен, қызметтермен, кірістермен және қаржылық құндылықтармен сыртқы экономикалық операциялар Ұлттық шоттар жүйесіне (ҰШЖ) және нәтижесінде ТБ операциялары арасындағы сальдо нөлге тең болатын басқа да макроэкономикалық статистика жүйелеріне ұқсас стандартты жіктеуге сәйкес топталады.

Талдамалық ұсыным резервтер мен бір жағынан олармен тығыз байланысты баптар және екінші жағынан басқа операциялар арасындағы базалық шектеуді жеңілдететін ТБ статистикасының стандартты ұсынымын қайта құру болып табылады.

Халықаралық инвестициялық позицияға әдіснамалық түсіндірме

Халықаралық инвестициялық позиция (ХИП) белгілі бір уақыт бөлігінде:

резидент еместерге қойылатын талаптарды және резерв активтеріне қызмет ететін құймадағы алтынды білдіретін ел резиденттерінің қаржы активтерінің;

ел резиденттерінің резидент еместер алдындағы міндеттемелерінің құнын және құрылымын көрсететін статистикалық есепті білдіреді.

Елдің сыртқы қаржы активтері мен міндеттемелері арасындағы айырма елдің оң немесе теріс болуы мүмкін ХИП білдіреді.

ХИП тікелей инвестициялардан, портфельдік инвестициялардан, туынды қаржы құралдарынан және қызметкерлер үшін акцияларға арналған опциондардан, басқа инвестициялардан, сондай-ақ резерв активтерінен тұрады. ХИП-ның кезең аяғындағы көрсеткіштері ағымдағы және алдындағы кезеңдердегі операциялардың және басқа да ағындардың нәтижелері болып табылады. ХИП туралы ықпалдасқан есеп ХИП шоттарынан, қаржылық шоттан және қажы активтеріндегі және міндеттемелердегі басқа өзгерістер шотынан тұрады.

Басқа да ағындар – бұл резиденттер мен резидент еместер арасындағы операциялардан қарағанда басқа себептерден туындаған активтер мен міндеттемелер көлемінің, құнының немесе жіктеуінің өзгеруі. Басқа ағындарға талдамалық мақсатта төмендегідей екі кең санат шеңберінде көрінетін активтердегі және міндеттемелердегі түрлі өзгерістер жатады:

1) активтер мен міндеттемелердің көлеміндегі басқа өзгерістер институционалды бірліктер арасында өзара іс-әрекет етудің өзара келісіміне негізделгеннен қарағанда басқа себептерге (яғни операциялармен) байланысты туындаған активтер мен пассивтер балансына жаңа активтердің түсуін және ескі активтер мен міндеттемелердің шығуын көрсетеді;

2) активтер немесе міндеттемелер бағасының өзгеруі және (немесе) валютаның айырбас бағамының өзгеруі нәтижесінен туындайтын актив немесе міндеттеме бойынша құнды (холдингтік пайда немесе зиян) қайта бағалау.

ХИП ТБН6 негізінде жасалады. ХИП мен ТБ-ны қалыптастырудың әдіснамалық тәсілдері толық сәйкес келеді.

ТБ және ХИП деректерін жасау тәжірибесі

Қаржы активтерімен және міндеттемелерімен операциялар бойынша статистикалық есептілік сыртқы экономикалық шоттарды (ТБ, ХИП, сыртқы борыш) қалыптастыру үшін деректер көзі болады. Респонденттер ұсынатын есептілік капитал қозғалысына байланысты валюталық операцияларды Ұлттық Банкте тіркеу және хабарлау нәтижелері бойынша, сондай-ақ банктердің және бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың ақпараты бойынша салыстырып тексеріледі және түзетіледі.

**Қазақстанның төлем балансын және халықаралық инвестициялық позицияны жасаудың
ақпараттық базасы**

Баптың атауы	Ақпарат көздері	Ақпараттың мазмұны
ТАУАРЛАР		
Экспорт (ресми статистика)	ҚР Статистика агенттігі (ҚРСА), ҚР Қаржы министрлігінің Келендік бақылау комитеті (ҚР ҚМ КБК)	Келен одағына мүше мемлекеттермен өзара сауда және үшінші елдермен келендік статистика (КС) бойынша статистикалық есептіктің деректері
Импорт (ресми статистика)	ҚРСА, ҚР ҚМ КБК	Келен одағына мүше мемлекеттермен өзара сауда және үшінші елдермен КС бойынша статистикалық есептіктің деректері
Түзетулер	ҚҰБ, ҚР ҚМ КБК Шекара қызметі, ҚРСА	Келен одағына мүше мемлекеттермен өзара сауда және үшінші елдермен КС бойынша статистикалық есептіктің деректері, келендік кіріс ордері бойынша өтетін операциялар бойынша деректер Елдер бойынша және жол жүру мақсатында шекарадан өткен тұлғалардың саны туралы деректер Жеке тұлғалардың ресми статистикада тіркелмейтін экспорттық-импорттық операциялар көлемін ҚҰБ-ның бағалауы Нысандар бойынша есептілік деректері: ◆ № 2-ТБ «Резидент еместерден алынған (резидент еместерге ұсынған) көлік қызметі туралы есеп», ◆ № 5-ТБ «Резидент емес көлік кәсіпорындарына ұсынылған қызметтер туралы есеп» ҚҰБ-ның тауарларды импорттау кезінде ҚР шекарасына дейін тасымалдауға және сақталдыруға жұмсалған шығыстарды бағалауы
Монетарлық емес алтын	Көлік кәсіпорындары	ҚҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері. Келен одағына мүше мемлекеттермен өзара сауда және үшінші елдермен келендік статистика (КС) бойынша статистикалық есептіктің деректері
ҚЫЗМЕТТЕР		
Басқа санаттарға жатқызылмаған жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	Кәсіпорындар	№10-ТБ нысан бойынша есептілік деректері «Резидент еместермен халықаралық операциялар туралы есеп»
Көлік қызметтері	ҚҰБ Көлік кәсіпорындары	Нысандар бойынша есептілік деректері: ◆ № 2-ТБ, ◆ № 3-ТБ «Резидент еместерде алынған (резидент еместер ұсынған) темір жол көлігі қызметі туралы есеп», ◆ № 4-ТБ «Резидент емес көлік кәсіпорындарының атынан жүзеге асырылған операциялар туралы есеп», ◆ № 5-ТБ ҚҰБ-нің жүктерді тасымалдауға шығыстарды бағалауы
Жол жүрулер	Шекара қызметі ҚҰБ банктер	Елдер бойынша және сапарға шығу мақсатында шекарадан өткен тұлғалардың саны туралы деректер ҚҰБ-ның резиденттердің шетелге сапарларының шығыстарын және резидент еместердің ҚР-дағы шығыстарын бағалауы 2007 жылғы 1-тоқсаннан бастап – жеке тұлғалардың оқуға және емделуге байланысты, төлемдер мақсатының және экономика секторлары кодтарын қолдану және төлемдер бойынша мәліметтерді ұсыну № 388 ережесінің (бұдан әрі - № 388 Ереже) 3-қосымшасы бойынша қалыптастырылған статистика деректері
Байланыс қызметі	Байланыс кәсіпорындары	№ 6-ТБ «Резидент еместерден алынған (резидент еместер ұсынған) байланыс қызметі туралы есеп», №10-ТБ нысандары бойынша есептілік деректері
Мемлекеттік қызметтер	мемлекеттік орагандар, банктер	Мына нысандар бойынша есептілік деректері ◆ № 7-ТБ «Резидент еместерден алынған (резидент еместер ұсынған) ызмет және субсидия туралы есеп», ◆ № 9-ТБ «Резидент еместерге қаржылық талаптардың жай-күйі туралы есеп және олардың алдындағы міндеттемелер»

Баптың атауы	Ақпарат көздері	Ақпараттың мазмұны
Басқа да халықаралық қызметтер	кәсіпорындар, бағалы қағаздардың кәсіби қатысушылары, банктер, ҚР Қаржы министрлігі (ҚР ҚМ), сактандыру ұйымдары, ҚҰБ бөлімшелері	Мынадай нысандар бойынша есептілік деректері: № 9-ТБ, №10-ТБ, «Коммерциялық кредиттерді, қаржы заемдарын игеру және қызмет көрсету туралы есеп» №154 ҚР-да валюта операцияларын жүзеге асыру ережесінің (бұдан әрі – № 154 Ереже) № 7 қосымшасы, №15-ТБ «Резидент еместермен бағалы қағаздар бойынша халықаралық операциялар туралы есеп» № 14-ТБ «Қазақстан Республикасының ресми шетелдік заемдары бойынша есеп», № 11-ТБ-ӨС «Резидент еместерді сактандыру (қайта сактандыру) және «мірді сактандыру» саласы бойынша резидент еместердегі тәуекелдерді қайта сактандыру туралы есеп», № 11-ТБ-ӨС «Резидент еместерді сактандыру (қайта сактандыру) «өмірді сактандыру» саласы бойынша резидент еместердегі тәуекелдерді қайта сактандыру туралы есеп», және ҚРҰБ резидент еместермен жасаған келісімшарттар туралы мәліметтер 2011 жылғы 1-тоқсаннан бастап - №388 ереженің 3-қосымшасы бойынша қалыптастырылатын жеке тұлғалардың төлемдерінің қызмет түрлері бойынша статистикалық деректері.
БАСТАПҚЫ КІРІСТЕР		
Қызметкерлерге еңбекақы төлеу	Кәсіпорындар, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі	№10-ТБ нысан бойынша статистикалық есептілік деректері, ресми емес түрде жұмыс істейтін еңбек иммигранттарының жалақысын бағалау, лицензиаттар арқылы шет елге жұмысқа кеткен резиденттердің жалақысын бағалау
Инвестициялық кіріс		
тікелей инвесторлардан кірістер	Шетелдік қатысуымен бірлескен кәсіпорындар, банктер	Мынадай нысандар бойынша есептілік деректері - Ереженің «Жарғылық капиталға қатысу бойынша есеп» № 8 қосымшасы, № 1-ТБ «Резидент еместерге қаржы талаптары және олар алдындағы міндеттемелер туралы есеп», № 9-ТБ
портфель инвестицияларынан кірістер	ҚР ҚМ, кәсіпорындар, банктер және бағалы қағаздардың басқа эмитенттері (нелері), бағалы қағаздарға кәсіби қатысушылар, ҚҰБ	№ 154 Ереженің «Валюталық шарт бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» № 9 қосымшасы бойынша тіркеуге, хабарлауға ұсынылатын шарттар және кәсіпорындардың есептері бойынша деректер. Мынадай нысандар бойынша есептілік деректері №1-ТБ № 9-ТБ, № 15-ТБ, ҚҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері
басқа инвестициялардан кірістер	ҚР ҚМ, кәсіпорындар, банктер, ҚҰБ	Мынадай нысандар бойынша деректер № 154 Ереженің «Валюта операциясы туралы тіркеу куәлігін/хабарлама алуға арналған өтініш» 6-қосымшасы, № 154 Ереженің «Валюта операциясы туралы тіркеу куәлігін/хабарлама алуға арналған өтініш» 6-қосымшасы, № 1-ТБ, № 9-ТБ, № 14-ТБ, № 11-ОБ, ҚҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері
резерв активтерінен кірістер	ҚҰБ	ҚҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері
Басқа бастапқы кірістер	мемлекеттік органдар	ҚҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері
ҚАЙТАЛАМА КІРІСТЕР		
Мемлекеттік басқару органдары	мемлекеттік органдар, ҚРСА, кәсіпорындар, ҚҰБ	№ 7-ТБ, №10-ТБ нысандар бойынша есептілік деректері, - ҚО (гуманитарлық көмек), - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Статистикалық бюллетені - ҚҰБ қаржылық есептіліктің бастапқы құжаттарының деректері
Қаржылық ұйымдар, қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және ҮШКЕҰ		
Жеке трансферттер	банктер, «Қазпошта» ААҚ	№388 ереженің 3-қосымшасы бойынша қалыптастырылатын төлемдер статистикасының деректері, 2009 жылдан бастап – ақша аударымдарының жүйелері бойынша банктердің деректері негізінде ҚҰБ-нің бағалауы және №388 ереженің 3-қосымшасы бойынша қалыптастырылатын төлемдер статистикасының деректері.

Баптың атауы	Ақпарат көздері	Ақпараттың мазмұны
Басқа да трансферттер	ҚР ҚМ, кәсіпорындар, банктер	Мынадай нысандар бойынша есептілік деректері № 9-ТБ, № 10-ТБ, № 11-ТБ-ӨС, № 11-ТБ-СЖ, №154 Ереженің № 7 қосымшасы
КАПИТАЛМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР ШОТЫ		
Өндірілмеген қаржылық емес активтердің жалпы шығуы	кәсіпорындар	№154 Ереженің № 9 қосымшасы бойынша тіркеуге ұсынылатын шарттар, кәсіпорындардың хабарламалары және есептері бойынша деректер
Капитал трансферттері	кәсіпорындар	№10-ТБ нысан бойынша есептілік деректері
Мемлекеттік басқару органдары	мемлекеттік органдар, ҚРСА	№ 7-ТБ нысан бойынша деректер, КО (гуманитарлық көмек)
Қаржылық ұйымдар, қаржылық емес ұйымдар, ұй шаруашылығы және ҮШКЕҮ	кәсіпорындар	№154 Ереженің № 7 қосымшасының нысаны бойынша есептілік деректері
Қарызды кешіру	кәсіпорындар	№10-ТБ нысан бойынша есептілік деректері
Басқа трансферттер	кәсіпорындар	№10-ТБ нысан бойынша есептілік деректері
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОТ		
Қаржы активтері және міндеттемелері жөніндегі статистикалық есептілік халықаралық инвестициялық позицияны және сыртқы борышты жасау үшін де деректер көзі болады. Респонденттер ұсынатын есептілік Ұлттық Банктегі валюта операцияларын тіркеу және лицензиялау шеңберінде келіп түскен, қосымша ақпарат көздері (банктер, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, БАҚ және т.с.) бойынша салыстырып тексеріледі және түзетіледі.		
ТІКЕЛЕЙ ИНВЕСТИЦИЯЛАР	кәсіпорындар, банктер, ҚРҚМ	Мынадай нысандар бойынша есептілік деректері №2 №154 Ереженің, «Төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы есеп» № 2 және №8 қосымшалары № 1-ТБ, № 9-ТБ, - мемлекеттік акциялар пакеттерін және мүлкіктік кешендерді сату туралы мәліметтер
ПОРТФЕЛЬ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ	ҚР ҚМ, банктер, бағалы қағаздардың басқа эмитенттері (иелері), бағалы қағаздарға кәсіби қатысушылар, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарий", ҚҰБ	№154 Ереженің № 8, 9 қосымшалары бойынша тіркеуге ұсынылатын шарттар және есептер бойынша деректер, № 1-ТБ, № 9-ТБ, № 15-ТБ нысандары бойынша есептілік деректері, - орталық депозитарийдің анықтамасы, «ҚР Үкіметінің сыртқы талаптары туралы есеп» деректері, «ҚР Үкіметінің есептіліктерінің бастапқы құжаттарының және ҚР Ұлттық Қорының активтерін сенімгерлікпен басқару бойынша есептердің деректері
БАСҚА ИНВЕСТИЦИЯЛАР		
Үкіметтік қарыздар	ҚР ҚМ	№ 14-ТБ нысаны бойынша деректер, «ҚР Үкіметінің сыртқы талаптары туралы есеп» деректері
Басқа несиелер, қарыздар	кәсіпорындар, банктер	Мынадай нысандар бойынша есептілік деректері № 1-ТБ, № 9-ТБ, № 11-ОБ №17-ТБ, №1-ОПЗ 154 Ереженің 7-қосымшасы бойынша жеке тұлғалардың есептері
Сауда кредиттері	кәсіпорындар, мемлекеттік органдар	№ 1-ТБ нысан бойынша есептілік деректері
Валюталар мен депозиттер	кәсіпорындар, банктер, ҚҰБ, ҚР ҚМ	Мынадай нысандар бойынша есептердің деректері №154 Ереженің «Шетел банкіндегі шоттағы қаражат қозғалысы туралы есеп» 11-қосымша, № 1-ТБ, № 9-ТБ
Басқа да активтер мен міндеттемелер	кәсіпорындар, банктер, ҚР ҚМ	«ҚР Үкіметінің сыртқы талаптары туралы есеп» деректері ҚҰБ қаржылық есептіліктің бастапқы құжаттарының деректері
РЕЗЕРВТІК АКТИВТЕР	ҚҰБ	№ 1-ТБ, № 9-ТБ, № 11-ОБ, № 14-ТБ нысандары бойынша деректер, «ҚР Үкіметінің сыртқы талаптары туралы есеп» деректері

«Бақал» сауданың көлемін бағалаудың әдістемелік қағидаттары

Қазақстанның сыртқы сауда айналымының айтарлықтай бөлігі «бақал» саудаға – ұйымдаспаған, яғни ресми кеден статистикасына жатпайтын, жеке тұлғалардың сыртқы сауда операцияларына тиесілі. Қазақстанның Ұлттық Банкі сауда балансы бабына қосу үшін мұндай операцияларды қамту бойынша қосымша есептеу ретінде бағалайды.

Кейін қайта сату мақсатымен жеке тұлғалар әкелген/әкеткен тауарлардың құнын жиынтық бағалау олар импорттайтын және экспорттайтын тауарлардың орташа құны мен «бақалшылар санының» көбейтіндісі ретінде есептеледі.

«Бақал» бизнеспен айналысатын жеке тұлғалардың үлесін және «бақал» сауда айналымы неғұрлым белсенді жүргізілетін елдердің тізбесін айқындау үшін 2000 жылғы қазанда кеден органдарымен бірлесіп шекара маңындағы ірі автомобиль өтетін жолдарда, теміржолдардағы өткізу пункттерінде, халықаралық әуежайларда жүргізілген жолаушыларды шекаралық зерттеу нәтижелері негізгі көздердің бірі болды. Зерттеу аймақтар бойынша және сапардың мақсаттары бойынша кетушілер мен келушілердің арақатынасын, сондай-ақ сапар кезіндегі жеке шығыстардың орташа сомасын және «бақалшылар» коммерциялық мақсатта жұмсайтын соманы анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бір «бақалшыға» шаққандағы тауар құнының орташа нормативтерін айқындау үшін кеден комитетінің жеке тұлғалар алып өткен және оңайлатылған тәртіппен декларацияланған тауарлар туралы деректері пайдаланылды.

ТМД емес елдерден бақал импортының есебі:

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің республика шекарасынан өткен адамдардың саны туралы деректері негізгі ақпарат болып табылады. Зерттеу нәтижелері бойынша қазақстандықтар «бақалшы» рейдімен, негізінен Қытайға және Түркияға баратыны анықталды.

ТМД емес елдер бойынша «бақалшылар» сатып алатын тауарлардың орташа құны 5000 АҚШ доллары деңгейінде бағаланды, өйткені жеке тұлғалар әкелетін мұндай сомандар жоғары тауарлар декларациялауға жатады және кеден статистикасында көрсетілуі тиіс. «Бақалшылар» үлесі орташа алғанда ҚР-дан Қытайға және Түркияға туризм және жеке сапарлар мақсатында шығатындардың 60% деңгейінде және ТМД емес басқа елдерге шығатындардың - 20% деп белгіленді. Шекаралардың іргелес болуы неғұрлым қарқынды саудаға негіз болады, сол себепті Қытай бойынша осы елден ҚР-ға жеке мақсатпен және турист ретінде келетін резидент еместер де есепке кіреді.

ТМД елдерінен бақал импортының есебі:

Зерттеу нәтижелерінің негізінде бір «бақалшы» Ресей Федерациясынан, Қырғызстаннан және Өзбекстаннан әкелетін, «бақалшылардың» есептік санына көбейтілетін тауарларға шығыс нормасы айқындалды. «Бақалшылар» РФ-тен импорттайтын тауарларға шығыс нормасы 1500 АҚШ доллары деңгейінде, Қырғызстаннан және Өзбекстаннан импорттайтын тауарларға – 500 доллар деңгейінде белгіленді. Бақалшылар саны жеке мақсатпен шекарадан өтетіндер санының бөлігі ретінде айқындалады (РФ ФІШК және ҚР ҰҚК ШІК-нің деректері бойынша): 25% - Ресей Федерациясымен, 20% - Қырғызстанмен және 30% - Өзбекстанмен арадағы шекарадан өткендер. Бұл ретте РФ бойынша тек қана шығатын резиденттер, ал Қырғызстан мен Өзбекстан бойынша – шығатын резиденттер мен осы республикалардан келетін резидент еместер есепке алынады.

ТМД елдеріне бақал экспортының есебі:

Басқа елдерге жеке тұлғалар қайта сату үшін тауарлар шығармайтынын ескере отырып, бақалшылар экспорты бойынша есептеулер тек қана ТМД елдері бойынша жүзеге асырылды.

Зерттеу Ресей Федерациясына жеке мақсаттармен шығатын резиденттер санының ТМД елдеріне – 15%, Өзбекстанға шығатын резиденттер санының 30%, сондай-ақ осы елдерден кіретін резидент еместердің сандық арақатынасын білуге мүмкіндік берді. Шығыс нормасы сондай-ақ зерттеу нәтижелері бойынша айқындалды және РФ-ке экспорт - 500 АҚШ доллары және Қырғызстан мен Өзбекстанға – 350 доллардан болды.

ФОБ бағаларымен импорт құнын бағалаудың және тауарлардың экспорты мен импорты кезінде көлік шығыстарын есептеудің әдістемелік қағидаттары

Тауарлардың импорты бойынша ресми статистиканың жүк кеден декларациясы негізінде қалыптасатын деректер Қазақстанның кеден шекарасындағы тауардың құнын көрсетеді. Яғни Қазақстанмен ортақ шекарасы жоқ мемлекеттерден тауарлар әкелген кезде импортталатын тауарлардың кедендік құнына импортердің кеден шекарасындағы тауардың құнынан басқа (ФОБ үлгісі бойынша тауардың құны) Қазақстанның шекарасына дейін жүкті сақтандыру және тасымалдау құны (СИФ үлгісі бойынша тауардың құны) да кіреді.

Төлем балансында тауарлардың экспорты мен импортының құны тауарды сатушының кеден шекарасындағы ФОБ үлгісі бойынша (жүкті тиеу сатып алушының есебінен) бағалармен есептеледі, ал жүкті сақтандыру мен тасымалдау құны халықаралық қызмет көрсету балансының тиісті баптарында көрсетіледі. Сондықтан, төлем балансында деректерді дұрыс көрсету мақсатында тауарлардың импорты бойынша кеден статистикасының деректеріне жіктеу бойынша түзету жүзеге асырылады – СИФ үлгісі бойынша импорттың құнынан тиісінше «сақтандыру қызметтері» және «жүк тасымалдау» баптарындағы халықаралық қызмет көрсетудің импортына енгізілетін сақтандыруға және тасымалдауға арналған шығыстар шегеріледі.

Импортталатын тауардың құнындағы сақтандыру және тасымалдауға арналған шығыстардың үлесін айқындау үшін Ұлттық Банкте жыл сайын өткізілетін экспортерлер мен импортерлерді арнайы тексерулер негіз болып табылады. 2002-2004 жылдардағы тексерулердің нәтижелері бойынша («Тауарларды экспорттау және импорттау кезінде тасымалдау және сақтандыруға арналған шығыстар туралы кәсіпорындарды тексеру сауалнамасы» статистикалық есеп нысаны ретінде 2002 жылы енгізілді) СИФ бағаларындағы тауарлар импорты ФОБ бағаларымен қайта есептеу және көлік түрлері бойынша жүк тасымалдау жөніндегі қызмет көрсетулерді есептеу үшін орташа алынған есептік коэффициенттер алынды. Бұл ретте коэффициенттер шекаралас және басқа елдердің бөлігінде бағаланды.

Тауарларды сату және қызмет көрсету жөніндегі бірқатар салыстырмалы, талдамалы деректерді алу, сондай-ақ кеңейтілген жіктеу бойынша (Халықаралық валюта қоры 2000 жылы енгізген) қызмет көрсетулердің балансын қалыптастыруды қамтамасыз ету мақсатында 2004 жылы алынған жаңа есептік коэффициенттер 2000 жылдан бастап төлем балансының деректеріне қолданылды.

Арнайы тексерулер нәтижелері бойынша есептік коэффициенттерді кейін қайта қарау осы тексерулердің орташа алынған коэффициенттерден айтарлықтай айырмашылығы болған жағдайда жүргізіледі (мысалы, жүкті тасымалдаудың жаңа тәсілдері мен маршруттары пайда болған жағдайда). Коэффициенттерді қайта қарау кезінде болған өзгерістерге тән кезеңдер үшін орташа алынған ұстаным сақталады.

«Сапарлар» бабы бойынша халықаралық қызмет көрсету экспорты мен импортын бағалаудың әдістемелік қағидаттары

Төлем балансының әдіснамасына сәйкес «Сапарлар» бабы, ең алдымен, келушілер (Қазақстандағы резидент еместер, шет елдердегі резиденттер), егер олардың келу мерзімі бір жылдан аспаса, осы елде сатып алған сол тауарлар мен қызмет көрсетулерді қамтиды. Төлем балансында осы бап бойынша тіркелетін сома келушілердің келген елінде тауарларды және қызмет көрсетуді сатып алуға арналған шығыстарының құнын бағалауды білдіреді. Бұл топқа есебі «Жолаушылар тасымалдау» бабы бойынша жүргізілетін халықаралық қатынас жолаушыларын (билеттің құны) тасымалдау кірмейді.

«Сапарлар» бабы бойынша қызмет көрсету экспорты/импорты бір сапарға жұмсалатын орташа шығыс нормасы мен барушылар/келушілер

санының көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Бір сапарға орташа шығыс нормасы Қазақстанның шекарасынан өтетін жеке тұлғаларды бару/келу елдері және мақсаттары (қызмет бабымен, туризм, жеке мақсатпен) бөлігінде зерттеу нәтижелері бойынша айқындалды.

Азаматтығы, сапар мақсаттары және елдер бойынша барушылардың/келушілердің саны жөніндегі бастапқы ақпарат Қазақстан Республикасының ҰҚК Шекара Қызметінің және Ресей Федерациясының Федералдық Шекара Қызметінің деректері болып табылады.

Бұл нормативтер «Сапарлар» бабын есептеу үшін 2001 жылдың 1-тоқсанынан бастап қолданылуда.

VI.4 Қосымша

«Жұмыс істейтіндердің ақша аударымдары» бабын бағалаудың әдістемелік қағидаттары

Төлем балансының әдіснамасына сәйкес «Жұмыс істейтіндердің ақша аударымдары» өз елінен тыс жерде бір жылдан астам болатын, яғни қабылдаушы елдің резиденттері болып табылатын еңбек мигранттарының аударымдарын есепке алады.

Қазақстан төлем балансының Жұмыс істейтіндердің ақша аударымдары бабы жеке тұлғалардың резиденттігі, жіберуші/алушы елдер және аударым мақсаттары бөлігінде халықаралық аударымдары туралы банк статистикасының деректері бойынша қалыптастырылады. Бұл ретте осы қаражаттардың шығу тегі және оларды жіберушілердің азаматтығы туралы мәліметтер банк есептілігінде болмайды. Өтеусіз ақша аударымдары туралы есептік деректерде сатып алынатын тауарлар мен қызмет көрсетулерге ақы төлеуге арналған қаражаттар ағыны туралы деректердің (ақша аударымдары көлемін елдер бойынша бөлу ескерілген) болуын назарға ала отырып, жіберушілер өтеусіз ретінде жіктейтін жеке аударымдардың жалпы сомасындағы жеке тұлғалардың өтеусіз аударымдарының үлестік көлемін бағалау жүзеге асырылады. Осылайша, қаралып отырған бап бойынша Ұлттық Банктің бағалауы ескеріле отырып, банк статистикасының деректері бойынша жеке тұлғалардың трансшекаралық өтеусіз аударымдары көрсетіледі.

